Бұл мақалада қазіргі таңдағы білім беру саласындағы соңғы орын алған жағдай онлайн қашықтықтан білім берудің өзекті мәселелерін терең сөз етеді. Бүкіл әлемде орны алған.Эпидемиологиялық ситуация жағдайында барлығымызға жаңаша қызмет етіп әрі өмір сүруге тура келеді. Бүгінгі таңда осы өзгерістерге ұрынбаған адамдар жоқтың қасы. Біздің әрқайсысымыз осы өзгерістерге бейімделіп, дағдылы өмір салтына ауысуға тиіспіз. Ең бірінші кезекте балаларға оның ішінде бүкіл халыққа білім беру жүйесіне қайта құрылып өзгеруге тура келеді. Қашықтықтан оқыту тек қана техникалық тұрғыдан емес, әрі педагогикалық және психологиялық тұрғыдан қайта құрылып өзгеруге тура келеді. Педагогтар, оқып білім алушылар, ата-аналар – білім беру жүйесі қарым-қатынасының барлық қатысушылары, тіпті қашықтықтан оқыту жүйесінің де психологиялық қолдауға зәру болады.

Коронавирус – деген сөз планетаның әрбір тұрғыны тілі мен ойында орын алған сөз болды. Бүкіл әлемді жаулаған Пандемия, күнделікті дағдылы өмір салтын бұзып қана қоймай, әрі адамдардың өміріне қорқыныш пен мазасыздануды ұялатты. Аталмыш мақалада қазіргі таңда жүзеге асып отырған ЖОО-дағы онлайн білім берудің түйткіл де өзекті мәселелері терең, әрі жан-жақты сөз етіледі.

Кілт сөздері: *коронавирус, пандемия, онлайн қашықтықтан білім беру, Эпидемиологиялық ситуация, Zoom, WhatsApp, қашықтықтан оқыту форматы, вебинар немесе бейнеконференция, digital ұрпақ, Сандық технология, виртуалды сынып.*

Байбекова М. М.¹, Кумисбек З. Ж¹, Махмудова С. Л.¹
¹Silkway Международный университет

ПРОБЛЕМЫ ОНЛАЙН-ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

В этой статье, которая занимает последнее место в современном образовании, подробно освещаются актуальные проблемы дистанционного онлайн-образования. Занимает место во всем мире. В условиях эпидемиологической ситуации всем нам предстоит по-новому служить и жить. Сегодня нет людей, которые не были бы подвержены этим изменениям. Каждый из нас должен адаптироваться к этим изменениям и перейти к привычному образу жизни. В первую очередь, детям, в том числе и всему населению, предстоит трансформироваться и трансформироваться в систему образования. Дистанционное обучение придется трансформировать не только технически, но и педагогически и психологически. Педагоги, обучающиеся, родители-все участники отношений системы образования, даже системы дистанционного обучения, нуждаются в психологической поддержке.

Коронавирус-это слово, которое имеет место в языке и игре каждого жителя планеты. Пандемия, охватившая весь мир, не только разрушила привычный повседневный образ жизни, но и вселила в жизнь людей страх и беспокойство. В данной статье подробно и подробно освещаются актуальные проблемы онлайн-образования в вузе, реализуемые в настоящее время.

Ключевые слова: *коронавирус, пандемия, онлайн-дистанционное образование, эпидемиологическая ситуация, Zoom, WhatsApp, формат дистанционного обучения, вебинар или видеоконференция, поколение digital, цифровые технологии, виртуальный класс.*

Baibekova M. M.¹, Kumisbek Z. Zh¹, Makhmudova S. L.¹
¹Silkway International University

PROBLEMATIC ISSUES OF ONLINE EDUCATION

Annotation

In this article, the current situation in the field of Education, which occupies the last place in the field of online distance education, will reveal in detail the current problems of online distance education. It took place all over the world. In the context of the epidemiological situation, all of us will have to serve and live in a new way. Today, there are almost no people who are not affected by these changes. Each of us must adapt to these changes and switch to a habitual way of life. First of all, the education system for children, including the entire population, will have to be transformed and transformed. Distance learning will have to be transformed not only from a technical point of view, but also from a pedagogical and psychological point of view. Teachers, students, and parents-all participants in the relationship of the education system, even the distance learning system, need psychological support.

Coronavirus-the word was a word that took place in the language and mind of every inhabitant of the planet. The pandemic, which has engulfed the entire world, has not only destroyed the usual daily lifestyle, but also caused fear and anxiety in people's lives. In this article, we will discuss in detail and in detail the current problems of online education in universities.

Keywords: *coronavirus, pandemic, online distance education, epidemiological situation, Zoom, WhatsApp, distance learning format, webinar or video conference, digital generation, digital technology, virtual classroom.*

Жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне онлайн оқыту жүйесіне қатысты проблемаларды қалай шешу керек?

Бүкіл әлемде орын алған коронавирус пандемиясы жағдайы жоғары оқу орындарын да тығырықтан шығу жолдарының бірі - қашықтықтан оқытуға шынайы түрде көшуге алып келді. Бірақ бүгінгі күні орын алған жағдайды, яғни оқытуды тыңдаушыларға оқшаулану жағдайындағы шұғыл түрдегі контентті жеткізу ісі деп саналады. Көптеген ЖОО-ры мен оқытушылардың өздері онлайн оқытуға көшуге дайын болмады. 2019 жылы Экономика Жоғары мектебінің зерттеулері

көрсеткендей-ақ ғылыми атақ-дәрежелері бар оқытушылар қашықтықтан оқытудың технологияларын меңгерулерін 5 ұпайдың ішінде көлемінде 3,2 ұпай деп бағалағандарын айтады. Әрбір 4-ші оқытушы соңғы үш жылда бірде бір рет вебинар немесе бейнеконференцияларға қашықтықтан қатысу үшін сервистерді қолданбағандықтарын айтады.

Дегенменен, олар бір жағынан онлайн-оқытудың технологияларын меңгеруге тиісті де емес. Оларды бұл үшін арнайы ешкім даярлаған да жоқ және басты заманауи әдістер – университеттердің басты функциясы. Мысалы, хирургты үйден шықпастан өз жұмысын орындауды міндеттеп көріңіз. Мейлің ол Skype арқылы пациентке өзінің соқыр ішегіндегі аппендицитті алып тастауды айтып үйретіп көрсін. Әрине абсурд. Сондықтан да, қандай керемет тапқырлықпен оқытушылар қашықтықтан оқыту форматына ойысып, ауысуда. Бұл әрине жан-жақты мақтауға тұрарлық.

Кейде күлкілі де жағдайлар орын алды. Аймақтық жоғары орындарынан әріптестер кейде мынандай әңгімелерді ортаға салып бөліседі: кейбір оқытушылар студенттерге лекция мәтінін қолмен жазып оны қайтадан скан арқылы тексеруге жіберулерін сұрайтындықтарын да айтты.

Бүгінгі күні адамдар шындық жағдайында қашықтықтан қарым-қатынас жасауға сандық технологиялар арқасында ғана қол жеткізіп отыр, студенттер бір кнопка көмегімен немесе саусақпен планшетте тақтадағы сияқты жазады, ал оларға «Конспектін қолмен жазыңыздар, ал скан нұсқасын маған жіберіңіздер!» дейді екен.

Немесе мынандай жағдай орын алған: дене тәрбиесінің оқытушысы студенттерге 5 минуттық ролик түсіруді тапсырған, әрине онда олар дене жаттығуларын орындаулары тиіс болған. Дегенменен дене тәрбиесі сабағына қашықтықтан оқытуда креативтірек бағытта қараған дұрыс болар еді, айталық YouTube-тағы дайын бейнебаяндағы роликтерден таңдап соны алып, ашық қолжетімді чек-парақша ашып, содан үйде спортпен айналысқандары жақсы, әрі аса тиімді болар еді.

ЖОО-ң оқытушылары ұйымдастырушылық мәселелерде жетекшіліктің жоқтығынан қиындықтарға ұрынды. Біреулер сабақтарын Skype-та, біреулер болса – Zoom-да өтті, енді біреулер тапсырмаларды WhatsApp-қа лақтырып отырды. Кейбір оқытушылар лекция мәтіндерін веб-камераға жазып, студенттерге жібереді. Мұндай материалдардың сапасы әрине өте төмен, оларды қабылдай қою өте ауыр, әрі қиын. Тек қана ең аз дегенде YouTube-гі контент материалдар ғана кәсібилікпен түсіріліп, қойылған, оған студенттер де үйренген.

Сабаққа қатысуды тексеру жағынан да қиындықтар туындады. Кей оқытушылар чатта «+» қоюды сұраса, кейбірі веб-камераны қосып студенттер арқылы немесе өздері скрин-шот жасап есеп беріп отырды. Барлық осы аталған түсінбеушіліктер мен қолайсыздықтар фонында тек қана өзгеріссіз қалатын бір ғана элемент, дүние бар, ол- баға болады. Студенттер білім беру тәжірибесін кампуста алмаса да, бірақ олар формалды болса да баға алады.

Ал онлайн-оқытуда мұндай минустар жоқ, себебі оның негізінде мұқият түрде жобаланған электронды нұсқадағы тұтастай ақпараттық-білімдік жүйедегі оқу процесі жатыр. Мұндай оқытуда, яғни онлайн оқытуда оқытушыларда әдістемелік нұсқаулар, ескертпелер, чек-парақшалар және презентациялар да барлығы бар, мұнда барлығы ескерілген.

Онлайн-оқытуда педагогикалық дизайн онлайн-курстың жобалау курсы ретінде болады. Ал қашықтықтан оқытуға көшуде мұндай керекті жағдайлар жоқтың қасы, әсіресе Ресейде де.

Онлайн-курсты жоспарлауда педагогикалық дизайнер материалдың меңгерілу қарқынын, ақпаратты беру формасын ойластыру керек, әрі болашақ тыңдаушылар санын да ескеру керек. Егер де бірмезгілде курста 35 адам оқыса-бір әдістеме, ал егер де 1000 адам болса – мүлдем басқа: бақылау- өлшеу материалдарын саралап әрі оны автотексеруден өткізу керек. Бұл оқытушының уақытын уақытын үнемдеу үшін жасалуға тиісті нәрселер.

Жоспарлауда мақсатты аудитория зерттелу керек, оқу материалы қалыптасу керек, контент типтері, түрлері анықталу керек, тыңдаушылармен өзараәрекет форматы, тапсырмалар түрлері тексеріліп анықталуы тиіс – тіпті емтихан тапсыру мен кері байланыс орнатуға дейін мұқият алдын ала жоспарлану керек.

Қашықтықтан оқытуға арналған Онлайн-курстар кәсіби студияларда эксперттер тобы көмегімен түсіріледі. Ресейлік материалдарды зерттеу арқылы мынаны білдік: бір курсты жасау ісіне 1 миллион ресейлік рубльға дейін қаражат кетеді екен. Онлайн-курсты құру, жасау – бұл ерекше ауыр да қиын еңбек. Тек қана камера алдында отырып студенттерге аудиториялық материалды атыпы беру ғана емес – барлық контентті бейімдеу керек.

Заманауи таңда басымдық маңызға ие болып отырған біршама дүниелер бар, олар нейротехнологияның үлкен мәліметтері мен мен жасанды интеллект, сымсыз байланыс

технологиялары, экономикалық дамудың өзекті драйверлері ретінде болатын виртуалды мен қосалқы шындықтың дамуы болып отыр. Бұл факторларды жоғары мектепте де ескеру қажет болады, себебі сандық сауаттану білім сапасын арттырудың тиімді құралы, жастар ортасы мен жаңа типтегі экономика үшін мамандарды даярлауда ғылыми-инновациялық белсенділіктің импульсі ретінде бой тартады [4].

Барлық студенттер digital ұрпағына жатады, олар күнделікті өмірде жаңа технологияларды қолдануға аса үлкен бейімділік танытуға қабілетті болып отыр. Университеттің сандық сауаттануы оны мақсатты аудитория үшін аса адаптациялы, әрі бейімді етеді. Бұл сөзсіз жоғары оқу орнының білім нарығында бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатады.

Жастар ортасында ғылыми-инновациялық белсенділікті дамыту мен жоғары оқу орнында сандық экономика үшін мамандар даярлауда сенім мен шығармашылық атмосферасы қалыптасады, бірлесу педагогикасы идеясы жүзеге асады. Жетекші бизнесмендермен, қазақстандық оқымыстылармен, ресейлік және шетелдік компаниялар өкілдерімен, мемлекеттік және қоғамық мекемелер өкілдерімен біресе отырып, ҚР экономикасын сандық сауаттылықпен тығыз байланысты заманауи мәселелерді талқылау тек қана дәстүрлі формада ғана ұйымдастырылып қана қоймай, әрі студенттердің ғылымы мен ғылыми-зерттеушілік жұмыстарын бұқараға таратудың инновациялық форматтары да кең қолданылады. Олардың ішінде:

– «Work Shop», «Science Slam», «Ғылым апталығы», «Профессордың келуі» форматындағы жетекші отандық және шетелдік мамандар мен кәсіпкерлердің қатысуымен өтілетін ғылыми семинарлар;

– «Жастар инновациясы-бизнес пен аймаққа» деген тақырыптағы сияқты аймақтық және университет аралық ғылыми-практикалық семинарлардың сериясы;

– тәжірибеде еңбек етуші бизнесмендер мен бизнес-жаттықтырушылармен «Босқа 100 сұрақ» деген тақырыпта көптеген бизнес-тренингтер мен семинарлар;

– жастар ғылымының фестивалі;

– шетел тілдерінің декадасы;

– «Брейн-ринг» интеллектуалды ойындар сериясы;

– студенттердің ғылыми клубтарының мәжілістері;

– «Жас инвестор мектебі» мен «Жас маман мектебі» іскерлік интеллектуалды ойындары және т.б. [3].

Қазіргі таңда біздердің жоғары оқу орындарының алдында электрондық орта жағдайында шығармашылықты дамытуда студенттерді даярлап және оқытушыларды қолдау міндеті қойылып отыр.

Ресей сияқты Қазақстан да бірте-бірте өзінің білім беру жүйесін үздіксіз білім беру түрінің алуан түрі мен икемділігін қамтамасыз ету үшін электронды мен аралас оқыту түрлерінің кепілді түрлерін қолдана отырып, ақпараттық дағдылар мен күзiреттерді дамыту, педагогикалық зерттеулер мен болжамдарды дамыту және ашық электронды білім жүйесін құруда нормативті кедергілерді жоюы тиіс болады. Жоғары білімнің сандық сауаттануы жайлы айтқанда, заманауи жоғары оқу орындарының сандық технологияларының қолданылуының үш аспектісі жайлы сөз болады:

• Сандық технологиялар көмегімен оқыту;

• Сандық технологияларды білім беру менеджментінде әрі білім беру мекемесінің индивид ретінде қолдану (сонымен қатар материалды, күзiреттерді меңгеру дәрежесін бағалау үшін және білім беру тректерін құру мен түзету үшін);

• Кәсіби мақсаттар үшін сандық технологияларды оқыту.

Уақыттың талаптарына қол соза келе, біздер тиісті сұраныстарға орай кәсіби күзiреттерді алу үшін бірте-бірте аддитивті білім беру ортасын қалыптастырамыз. Шындыққа келгенде, жоғары оқу орнының классикалық үлгісі индустриалды логикада қатып қалды деген сарапшылар пікірлерімен келісуге тура келеді. Үздіксіз білім беру жүйесіне көшу — бүкіл өмір бойына білім алу кеңістіктік үлгіні, яғни — креативті-инновациялық кеңістіктік модельді (КИК) қажет етеді. Сандық интерфейстермен аналогты мәдени орта жоғары оқу орындарында бірте-бірте дамып келеді. Ол өзіне барлық сегменттерлі қосып алады: білім алу (тыңдаушылардың мәдениеті мен күзiреттерін қалыптастыру процестері); оқиғалар (білімдік және ғылыми іс-әрекетте жүзеге асатын іс-шаралар); сервис, қызмет көрсету (білімдік және ғылыми іс-әрекетті жүзеге асыру үшін құралдар); инфрақұрылым (білімдік және ғылыми іс-әрекетті жүзеге асыру үшін шарттар мен ережелері);

жобалар (ғылыми іс-әрекет пен интеграцияны FTI жүйесіне жүзеге асыру тәсілдері); адамдар (креативті-инновациялық іс-әрекеттің қатысушылары).

Сандық технологияларды қолдану арқылы оқыту аспектісіне келетін болсақ, онда екі сәтке тоқталу керек. Ең алдымен, бұл аралас оқу бағытындағы вектор (blended learning).

Үшшамалы модельдер мен пәндер үшін тақырыптық жиынтықтар жасалатын болады.

Жоғары оқу орындары үшін бұл бағыт өзекті болады. Виртуалды лабораториялар, симуляторлар, виртуалды және қосалқы шындық мүмкіндіктерін қолдануға негізделген курс компоненттері еуропалық және қазақстандық университеттер тәжірибесінде бірте-бірте пайда болып келеді. Академиялық мансапты құру зерттеулер жетістіктері мен сабақ беру сапасына негізделеді, себебі сабақ беру бұл — сапалы білімнің кепілі, оның ішінде қоғам да ол мәселеге қызығушылық танытып отырады.

Ресей Федерациясы Білім Министрлігінің жоғары білім беру саласы мемлекеттік саясатының директоры А. Соболев былай дейді, «сандық орта оқытушылардан студенттермен мүлдем басқаша жұмыс жасаудың тәсілдерін, өзгеше ментальдылықты, өзгеше әлем картинасын қажет етеді. Оқытушы студенттер үшін тьютор болады, оңай емес сандық әлемге өткізуші рөлін атқарады» [4]. Т. И. Никулина, білімнің сандануы жайлы ой талқысын келесідей жеткізеді, «білім берудің сандануы білім беру стандарттарында өзгерістердің орын алуына алып келеді және білім беру процесінің қайтадан құрылуына, педагог рөлінің қайтадан саралануына бағытталады» [3, с. 109].

Бір жағынан, оқу процесінің жаңа үлгісі, моделі оқу процесін мейлінше икемді ете түседі, студентке ыңғайлы уақытта оқу процесіне енуіне мүмкіндіктер кеңінен береді. Бірақ ол әрине оқытушы мен студенттің жеке тұлғалық қарым-қатынасын, яғни «бетпе-бет» қарым-қатынастан айырады. Енді бір жағынан, бұл Сколковский атындағы ғылым мен технологиялар институтының президенті Александр Кулешов бұл туралы олар «басқаша құрылғандар және олар жаңа буынның өкілдері» дейді [7]. Бірақ әрбір жаңа буын ол өзгеше буын деп санайды, бірақ 30 не 40 жасқа келгенде жас адамдар өздерінің де сондай екендіктерін түсінеді! «Сандық туылғандар» буыны шындығында адамзат тарихында бірінші рет болып отыр. Бірақ бұл тек қана болбар, болжам, қатты сөздер ғана. 21-ші ғасырда туылған студенттер оқытуда айрықша жаңа көзқарасты бағыттарды қажет етеді деген біржақты қорытынды жасайтындай ғылыми дәлелденген база жоқ. Керісінше, британдық ғалымдар Дж. Санчес Дж., А. Салинастар жүргізген пилоттық зерттеу мынаны көрсетті, студенттер өздері мойындағандай үлкен педагогикалық қолдау көрсетуді қажет етіп отыр [8, 546].

2017 жылдың қазан айына өткен «Сандық экономика. Жаһандық трансформация шақырады» атты Форумда швейцарлық басқаруды дамыту Халықаралық институтының (IMD) президенті Жан-Франсуа Манзони былай деп еске алады: «Біздер он-он бес жыл бұрын әріптестермен курстарды бейне кассеталарға жазып алып оны сататын едік. Бірақ кейін мынаны білдік, жазылған курс бойынша жаттап алу мүмкін емес – адамдар оқытушылардың дәрістерін тірідей тыңдағылары келеді екен!» [7]. Бірақ, батыстық студенттер жаңаша оқығылары келмейтін болар, ал ресейлік студенттер «аналогты» оқытудан сандыққа көшуге даяр екендіктерін көрсетіп отыр. Ал, біздің студенттер ше?!

«Білім берудегі сандық технологиялар»

Сандық технологиялар көмегімен оқытушылар материалды тиімдірек ұсына алатын болады, сондықтан да оқытудың мүмкіндіктері кеңееді.

Бүгінгі күні оқытушылар күллі әлемнің өзге институттар мен мектептердегі әріптестермен қарым-қатынасқа шыға алады. Олар бұрыннан-ақ конференциялар мен жиналыстардың офлайн кеңістігінен шығып, вебинарлар мен бейнеконференция, онлайн чаттарға өте қызығып сүйіспеншілікпен қатысып отыр.

Білім берудегі сандық технологиялар – бұл сандық технологияларға негізделген заманауи білім беру ортасын ұйымдастыру тәсілі.

Бірақ әлі болашақтағы өзгерістер жайлы толығырақ айту қиын, тек нендей өзгерістер орын алатындығын айтуға болады. Оқу материалдары, жоспарлар, журналдар мен күнделіктер — осылардың барлығы онлайнға көшеді. Оқушы үйден шықпастан Ғаламтар арқылы сабақ өтіп оқи алатын болады. Өзіне қажетті нәрсені тауып алуға мүмкіндік беретін электрондық ресурстар құрылатын болады. Мектептер заманауи технологиялармен жабдықталатын болады: компьютерлер, планшетті панельдер.

Мұғалімдер жаңа білім беру жүйесіне оқуларына тура келеді. Бұл мамандық толығымен өзгертін болады. Сандану деген бұл материалды дербес жеке түрде оқып меңгеру дегенді білдіреді. Педагог

тек қана көмек қажет болғанда қажетті көмекші, тәлімгер рөлінде болады. Болашаққа қадам. Сандық білім алуға ауысу, көшу — бұл Ғаламтор-технологияларды құруға жасалатын маңызды кезең болады. Қазіргі таңда ғылым аса қарқынды жылдамдықпен дамуда, күніге жаңа қрылымдар пайда болу үстінде. Сандық білім мектеп оқушыларына болашақтағы ақпараттық әлемде жақсы бағдарлануға көмектеседі.

Күндізгі оқытудың жаңа форматтары

Сандық әлемдегі күндізгі оқытудың жаңа форматтары шығармашылықпен, команда құру, коммуникация мен бірлесуге байланысты құзіреттерді дамытады және әдеттегі ереже бойынша тәжірибеде оқыту немесе коллаборативті оқыту түрі болады.

Митап (meetup) — бұл тәжірибе алмасу үшін мамандардың пәндік саладағы кездесуі болады. Корпоративті білім беруде митаптарды әріптестер арасында тәжірибе алмасу үшін, идеялар генерациясы үшін, міндеттерді шешу және тағы басқа да мәселелерді шешуде өткізуге болады. Мұндай кездесулер қысқамерзімдік (2 сағаттан аспайтын), формальды емес және белгілі бір тақырыпта үнемі өтілетін сипат алатын болады.

Білімдік саяхат (learning journey) — бұл болашақ жайлы негізгі болжамдарды өзгерту мен тестілеу мақсатындағы жаңа мүмкіндіктер мен мәдениет, тәжірибені зерттеу процесі болады.

Трансформациялық лаборатория (transformation laboratory) түрлі тәжірибеге ие және түрлі мамандық иесі адамдар тобын дағдыларды дамыту мен оны коллаборативті меңгеру технологиясы үшін үнемі жинап отыруды білдіреді. Лабораторияның мақсаты бар технологиялар мен дағдыларды жинақтау мен әрі оны трансформациялау болмақ.

Хакатон (hackathon) — бұл іс-шара кезінде түрлі сала мамандары (программистер, дизайнерлер, менеджерлер және т.б.) бірлесе отырып белгілі бір міндетті шешу үшін өнім/процесті құруда жұмыс жасайды. Мысалы, жаңа қосымшаның прототипін, сервистік қызмет көрсету немесе өнімнің жасалуы

Баршаға ашық онлайн-курс

Мұндай курстар студенттердің өзара қарым-қатынасын және бағалауын (peer-assessment) ынталандырады.

Адаптивті электрондық курс

Тұтынушылық қызығушылық деңгейін арттыруда маңызды қадам адаптивті электрондық курстарды құру болып табылады. Курсты бұлайша құру оқытудың тұлғалық бағытталуын өте тиімдірек етеді, тыңдаушылар өз уақыттарын басқара алатын болады. Курстың мазмұны сұранысқа қарай қолжетімді және белгілі бір хронологиялық шеңберге байланып қалмайды.

Интерактивті қашықтықтан сабақ беру (life virtual). Бұл сабақ оқып білім алушылар мен оқытушылардың (қашықтан) жанама түрде ақпараттық-телекоммуникациялық желілерді қолдану арқылы (чат- и веб-сабақтар, телеконференциялар, вебинарлар мен и веб-конференциялар, «тірі виртуалдылық» форматындағы қашықтықтан сабақтар) түрі болады.

Виртуалды сыныптар өзараәрекет үшін түрліше интерактивті шараларды ұсынады:
- **бейнетрансляциялар** қатысушылардың бейнесін немесе ақпаратты беру жолы;
- **виртуалды тақта** / флипчарт, whiteboard бұлар ескертпелерді немесе пікірлерді, ой, идеяларлы жеке-дара не бірлесіп білдіруге мүмкіндік береді.

Кәсіби білімді дамытудың заманауи кезеңі сандық экономика мен сандық қоғамға ауысудың жаһандық ағымдарымен сипатталатын сандану процесін білдіреді. Global Education Futures жасаған келесі тақырыптағы «Образование для сложного общества» (2018 ж.) баяндамасына сәйкес сандану бұл «біздің болашағымызды анықтайтын мегатренд болады».

Оқып-білім алушылардың жаңа буыны (Z ұрпағы) сандық технологиялар, оның ішінде білімдік аса маңызды сандық технологиялар қалыптастыратын сандық ортада өмір сүреді (В.И. Блинов): телекоммуникациялық технологиялар, үлкен мәліметтер, бөлінген реестр жүйелері, жасанды интеллект, робототехника компоненттері, сымсыз байланыс технологиялары, виртуалды және қосалқы шындық технологиялары, электрондық идентификация мен аутентификация технологиялары, арнайы білімдік бағыттағы сандық технологиялар, ғаламтор заттар. Кәсіби білім аумағының сандық трансформациясының ағымдары педагогтан кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруда АКТ құзіреттілігінің жоғары деңгейін талап етеді, себебі нақ осы педагогтар алдағы уақытта жас буынды заманауи сандық қоғамдық өмірдің өмірі мен іс-әрекетіне даярлауға міндетті болады. Заманауи педагогтардың АКТ құзіреттілігінің өзектілігі мен маңыздылығы әрі оған сандық сауаттылық кіре отырып, ЮНЕСКО «Структура ИКТ-компетентности учителей. Версия 3» («UNESCO ICT Competency Framework for Teachers. VERSION 3» (ICT CFT), 2018), БҰҰ-ң Бас

Ассамблеясы қабылдаған «2030жылға дейінгі кезеңге арналған тұрақты даму саласындағы күн тәртібінде» сәйкес келетін жаңа нұсқауларында бейнеленген. Global Education Futures и WorldSkills Russia эксперттері «Навыки будущего» (2017 г.) жаңа баяндамасында АКТ-күзiреттiлiгi құрамына кiретiн сандық сауаттылықты ерекше бөледi, әрi оны адамға болашақта қажет болатын негiзгi дағдылардың бiрi деп атайды. «Форсайт образования 2035» (РАНХиГС), Бағдарламасы 2035 жылға дейiн бiлiм берудiң стратегиялық бағдарларын анықтай отырып, санданумен қатар бiлiм беруде болашақ трендтердiң iшiнен бiлiм берудiң даралығын және күзiреттiлiктi бағыт-көзқарасты ерекше бөледi.

Карантин кезінде қалай оқу керек ?

Онлайн-бiлiм беру мен бүгiнгi шұғыл түрдегi студенттер мен оқытушылардың коммуникациясы – мүлдем түрлi заттар. Егер де Сiздер студент немесе оқытушылардан онлайн-оқыту – бұл қызықты емес, тiрiлей қарым-қатынас жетiспейдi және мұндай оқытудың тиiмдiлiгi төмен дегендерге былай деу керек: мұның барлығы нағыз шынайы онлайн-оқытумен ортақ ешнәрсесi жоқ. Екеуi екi түрлi дүние.

Бұдан шығаратын қорытынды: қазақстандық университеттер мен ректорларға заманауи бiлiм берудiң заманауи әдiстерiне инвестиция жасап, ескi бұрынғы тәжiрибеден бас тарту керек.

Қолданылған әдебиеттер:

1. В.И. Блинов. Учебное пособие "Введение в педагогическую деятельность.", Юрайт, 2018г.
2. Аксютин А. А., Вицен А. А., Мекшенева Ж. В. Информационные технологии в образовании и науке //Современные наукоемкие технологии. — 2009. — № 11. — С. 50–52.
3. Вартанова Е. Л. Индустрия российских медиа: цифровое будущее : академическая монография / Е. Л. Вартанова, А. В. Вырковский, М. И. Максеев, С. С. Смирнов. — М. : МедиаМир, 2017. — 160 с.
4. Введение в «Цифровую» экономику / А. В. Кешелава, В. Г. Буданов, В. Ю. Румянцев [и др.] ; под общ. ред. А. В. Кешелава ; гл. «цифр.» конс. И. А. Зимненко. — ВНИИ Геосистем, 2017. — 28 с
5. Главный тренд российского образования — цифровизация [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://www.ug.ru/article/1029> (дата обращения: 15.03.2018).
6. Информатизация образования [Электронный ресурс] // Российская педагогическая энциклопедия. — Режим доступа: <https://pedagogicheskaya.academic.ru/1241/> (дата обращения: 15.03.2018).
7. Исследование российского рынка онлайн-образования и образовательных технологий [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://edmarket.digital/> (дата обращения: 15.03.2018)
8. Кашина Е. А. Прогнозирование структуры интегрированного курса информатики : дис. ... канд. пед. наук. — Екатеринбург, 1997. — 187 с.
9. Лаптев В. В. Методология визуализации. — М. : Мир, 2011. — 304 с.
10. Марей А. Цифровизация как изменение парадигмы [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.bcg.com/ru-ru/about/bcg-review/digitalization.aspx> (дата обращения: 15.03.2018).
11. Меняйся или уходи. Цифровое образование бросает вызов преподавателям вузов [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://www.poisknews.ru/theme/edu/31969/> (дата обращения: 15.03.2018).
12. Педагогика : учебное пособие для студентов педагогических вузов и педагогических колледжей / под ред. П. И. Пидкасистого. — М. : Педагогическое общество России, 1998. — 640 с.
13. Приоритетный проект в области образования «Современная цифровая образовательная среда в Российской Федерации» [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://neorusedu.ru/about> (дата обращения: 15.03.2018).
14. Ракитов А. И. Философия компьютерной революции. — М. : Политиздат, 1991. — 287 с.
15. Цифровизация [Электронный ресурс] // Викисловарь. — Режим доступа: <https://ru.wiktionary.org/wiki/цифровизация> (дата обращения: 15.03.2018). Шваб Д.К. Четвертая промышленная революция [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://mybook.ru/author/klaus-shvab/chetvertaya-promyshlennaya-revoluciya/read/> (дата обращения: 15.03.2018).

МРНТИ:15.81.21

Н.С.Жумашева¹, Ж.Т. Сундетова¹

^{1,2} Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,
Атырау, Қазақстан

МЕНЕДЖМЕНТ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада көшбасшылық пен менеджменттің маңызы қарастырылады және олардың білім беру жүйесіндегі рөлі талқыланады. Көшбасшылық пен басқарудың маңыздылығы білім беруді құруға және оны тиімді етуге негіз береді. Оқыту және ғылыми зерттеулер мәселелерін қарастырғаннан кейін мақалада көшбасшылықтың және білім беруді басқарудың болашақ қажеттіліктері мен бағыттары көрсетілген. Көшбасшылық және басқарушылық рөлдерді қабылдау үшін қажетті дағдыларды дамытуға жүйелі көзқарас пайдалы болуы мүмкін. Мұғалімі формальды түрде басшы қызметінде бола ма, жоқ па маңызды емес. Оның басшы дағдыларын игеруі сыныпты меңгеруге ықпал етеді, жұмыс тиімділігін арттырады. Сондай-ақ көшбасшылық және басқарушылық рөлдерді қабылдау үшін қажетті дағдыларды дамытуға жүйелі көзқарас сыныпты, қызметкерлер тобын басқару үшін пайдалы болуы мүмкін. Мұғалімнің көшбасшылық дағдылары мен басқару дағдыларын игерген жағдайда сыныптағы үлгерімнің өсуі артады. Бізде бар нәрсе: білім, отбасы, төлемдер, мәдениеттің материалдық және рухани байлығы, олардың бәрінде бізге қажет ақпарат бар. Ақпарат адамдардың барлық істеріне үлкен әсер етеді. Бұл адамдарды талқылаудың, келіссөздердің, қарым-қатынастың, іс-әрекеттің және пайданың негізгі нысаны. Мұның бәрі жақсы басқару және басшылық үшін қажет. Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, бұл өзгерістің маңызды бөлігі басқару ғылымы мен өнерін түсіну болып табылады.

Түйінді сөздер: білім басқармасы, көшбасшылық, басқару дағдысы, бастауыш мектеп.

Н.С.Жумашева¹, Ж.Т. Сундетова¹

¹ Атырауский государственный университет им.Х.Досмұхамедова
(Атырау, Қазақстан)

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ОРГАНИЗАЦИИ УПРАВЛЕНЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ НА ОСНОВЕ МЕНЕДЖМЕНТА

Аннотация

В данной статье рассматривается значение лидерства и менеджмента и обсуждается их роль в системе образования. Важность лидерства и управления обеспечивает основу для построения и вовлечения в образование. После рассмотрения вопросов преподавания и научных исследований в статье обозначаются будущие потребности и направления лидерства и управления образованием. Может оказаться полезным более систематический подход к развитию необходимых навыков для принятия на себя лидерских и управленческих ролей. Независимо от того, занимает ли учитель формальную руководящую должность или нет, приобретение этих навыков может способствовать повышению эффективности работы в классе. Также системный подход к развитию необходимых навыков для принятия на себя лидерских и управленческих ролей может быть полезен для руководства классом, группой персонала. Повышение успеваемости в классе будет расти при условии приобретения учителем лидерских навыков и навыков управления. Все, что у нас есть: знания, семья, платежи, материальные и духовные богатства культуры, все они имеют какую-то информацию, которая нам нужна. Информация оказывает огромное влияние на все, что делают люди. Это основная форма обсуждения людей, переговоров, общения, действий и прибыли. Все это необходимо для хорошего управления и руководства. Как показывает международный опыт, важной частью этого изменения является понимание науки и искусства управления.

Ключевые слова: управления образования, лидерство, навык управление, начальная школа

N. S. Zhumasheva¹, Zh. Sundetova¹

¹H. Dosmukhamedov Atyrau state University
Atyrau, Kazakhstan

PSYCHO-PEDAGOGICAL CONDITIONS OF ORGANIZATION OF MANAGEMENT ACTIVITIES IN A PRIMARY SCHOOL BASED MANAGEMEN

Abstract

This article examines the importance of leadership and management and discusses their role in the education system. The importance of leadership and management provides the foundation for building and engaging in education. After considering the issues of teaching and research, the article outlines the future needs and directions of leadership and education management. A more systematic approach to developing the necessary skills to take on leadership and management roles may be useful. Whether the teacher is in a formal leadership position or not, acquiring these skills can help improve classroom performance.

Also, a systematic approach to developing the necessary skills to take on leadership and management roles can be useful for leading a class, a group of staff. The increase in classroom performance will grow if the teacher acquires leadership and management skills. Everything we have: knowledge, family, payments, material and spiritual riches of culture, all of them have some information that we need. Information has a huge impact on everything people do. This is the main form of discussion of people, negotiations, communication, actions and profits. All this is necessary for good management and leadership. As international experience shows, an important part of this change is understanding the science and art of management.

Keyword: *education management, leadership, skill management, primary school.*

Бүгінгі бастауыш мектеп басшысының көшбасшылық сапалары оның педагогикалық тәжірибесі, адамдарды ынталандыруы, ұжымды дамытуды жоспарлай алуы, басқару шешімдерін қабылдауға қабілеттілігі сияқты кәсіби құзіретіліктерінен тұрады. Менеджмент теориясы мен тәжірибесі туралы зерттеулерде қазіргі заманғы ұйымдарды тиімді басқаруға қажетті сапалар мен дағдылар терең талданған. Олар бүгінгі қоғамда, ұйымдар мен мекемелерде болып жатқан күрделі өзгерістерге басшыларға аса қажетті сапалар мен қабілеттіктерге, дағдыларға назар аударады. Менеджер-басшылар қызметінің төрт негізгі түрі айқындалған: коммуникативтік қарым - қатынас (өзара араласу, ақпарат алмасу, есеп беру, кеңселік қызметтер, т.б.); дәстүрлі менеджмент (жоспарлау, шешім қабылдау, ұйымдастыру, бақылау, тағы басқалар); адам ресурстарын басқару (мотивация, қолдау, келіспеушіліктердің алдын алу, кадрлармен жұмыс, персоналды дамыту); байланыстар орнату (әлеуметтік- саяси байланыстар және басқалармен қарым – қатынастар орнату) .

Бастауыш мектеп әкімшілік тарапынан болатын бақылаулар мұндай арнаулы тексерулер жоғарғы орындардан келген бұйрықтарға, нұсқауларға байланысты жүргізіледі. Максаты-пән бойынша оқушылардың білім сапасын тексеру, мұғалімнің жұмысындағы ғылыми және әдістемелік сипаттағы істердің дұрыс бағытта жүргізілу дәрежесін анықтау. Бастауыш мектеп мұғалімінің біліктілігін анықтау үшін жүргізілетін бақылаулар оқыту мен тәрбиелеудің соңғы ғылыми жаңалықтары туралы мұғалімнің не білетіндігін анықтау мақсатында жүргізілетін сауалнамалар мен сұраныстар. Бұл жұмыс түрі мектеп ішінде немесе білім бөлімдері, біліктілікті арттыру институттары тарапынан да жүргізілуі мүмкін. Ондағы жұмыс түрлері: мұғалімнің сабақтарына қатысу баяндамаларын тыңдау, шығармашылық есептерін тыңдау, педагогикалық оқуларға дайындаған материалдарын талдау, ғылыми жұмыс жобаларымен танысу бұрынғы жасаған еңбектерімен танысу т.б.

Мұғалімнің кәсіби шеберлігінің деңгейін тексеру. Аталған тексеру мұғалімнің жұмысына баға беруді көздейді. Бастауыш мектеп мұғалімінің күнделікті іс-әрекеті бала, әріптестері ата-аналар мен жұртшылықтың алдында өтіп жатады. Ұстаздың шығармашылық есебі жүріп жатқан кезде олардың пікірлері есепке алынып, мұғалімнің еңбегіне жан-жақты баға берілуі тиіс. Осы баға ұстаздың кәсіби қалыптасуының бағасы болып табылады.

2. Өзара бақылаулар

Бастауыш мектептегі басқарушылық қызмет мұғалімінің өсу деңгейі оның теориялық, іскерлік дайындығымен өлшенеді. Оны есепке алу үшін әдіскерлер, мектеп басшыларының орынбасарлары, әріптестері бақылау жасап зерттейді. Арнаулы дәптер бастап мұғалімнің жұмыс барысындағы жетістіктерін, кемшіліктерін, дамуын, шығармашылық қасиеттерін тіркеп, осы жолда жеткен

жетістіктеріне қорытынды жасап, оны мұғалімнің өзіне хабарлап отырады. Мектеп басшылары тарапынан болатын осындай ұсыныстардың жүйелі негізді болуы бастауыш мектеп мұғалімінің іс-әрекетінің сапалы болуына әсерін тигізеді.

3. Ұстаздың өзін-өзі бақылауы.

Мұғалімнің өзін-өзі бақылауының мазмұны өз шеберлігін ұштауға бағытталады. Мұнда әрқашан өзіне сын көзбен қарай білу, өзін-өзі тексеру, сынау, өзгемен салыстыра білу, біреудің өзінде жоқ қасиетін қабылдай алу. т.б. сияқты моральдық-этикалық қасиеттер басым болуы қажет. Бұл-психологиялық жағынан алып қарағанда, бақылаудың ең қиын түрі. Ұстаздың өзін-өзі бақылауының жолдарына теориялық дайындық дәрежесі.

Өз пәні бойынша жеткілікті білім дәрежесі бола тұра, осы ілімге қосылған жетістіктерді. оның қолданылуы аясын жете білуі керек.

Сонымен қатар оқу-әдістемелік әдебиеттерді оқып, талдау және оны өз жұмысында басшылыққа ала білуі әдісін жетілдіру. Тәжірибеде әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, қажеттісін сұрыптап ала білу және оқыту. Тәрбиелеу жұмысында өз жолын тауып, зерттеу, шығармашылықпен жұмыс жасау.

Бастауыш мектептегі педагогикалық менеджментте білім беру сапасын басқару.

Білім сапасы- білім түрлерінің (заңдар, теориялар, қолданбалы, әдіснамалық, бағалау білімдері) білім мазмұны элементтерімен және меңгеру деңгейлерінің арақатынасы. Әрбір-білім оны қолдану тәсілімен потенциалды түрде байланысқандықтан ол шығармашылық процеске қатсып қандай да бір маңызға ие болғандықтан мұндай арақатынасты белгілеу қажет.

Білім сапасы адамның білімді меңгеруімен түрлі іс-әрекетте қолданудың көп жақты талдауы нәтижесінде айқындалады және толықтық, тереңдік, жүйелілік, шапшандық, икемділік, нақтылық, түйіндеу сипатына ие болады.

Сол сияқты ол түйінделу және өрістелу, сапалылық және беріктігімен сипатталады. Білімнің барлық сапасы өзара байланысты және өзінше дербес, себебі бірін-бірі алмастырмайды.

Қазіргі қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени жаңғыруы ұжымдық, қоғамдық, мемлекеттіктен жекелік, идеялық, жеке тұлғаның белсенділігі, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі реттеуге ауысуда. Сондай-ақ қоғамда орын алып отырған түрлі әлеуметтік құбылыстар, мәселелер оны шешуге қабілетті, қоғамдағы өзгерістерге қарамастан шығармашылықпен шешім қабылдайтын, идеялы көшбасшыларды талап етуде. Демократиялық принциптер негізінде дамушы қоғамда көшбасшылық қоғамдық дамудың, әлеуметтік прогрестің тиімді құралына айналып отыр. Көшбасшылық қажеттілігі қоғамның барлық саласында орын алуда, соның бірі білім беру саласындағы көшбасшылық. Жалпы білім беру мазмұнындағы жаңарулар мұғалімдер мен білім алушылардан көшбасшылық сапаларды қажет етуде.

Қазіргі жағдайда бастауыш мектепте білім беру жүйесін басқарудың көшбасшылары жеке дамудың жоғары деңгейі мен ұйымдастыру қабілетіне ие болып қана емес, жаңа идеяларды ойлап табу, жаңа технологияларды жасап шығару, педагогикалық үрдісті ұйымдастыруға жаңаша келу, ішкі мүмкіндіктерді ашу, адамдарға өзін дамытуларына ықпал ету, бағыттау қабілетіне де ие болуы тиіс. Білім беруді басқару саласының менеджерінің көшбасшылық құзыреттіліктері мен когнитивті құзыреттіліктер басқару саласында білім беру мекемесінің дамуы жайлы білім мен дағдыларды қамтиды. Қызмет құзыреттілігі жаңашылдықты тәжірибелік қызметте қолдану жайлы білім мен дағдыларды қамтиды. Әлеуметтік құзыреттілік- білім беру мекемесін басқаруға қатыстылық ұстанымын жүзеге асырумен білім беру мекемесінің ашықтығы жайлы білім мен дағдыларды қамтиды. Интербелсенді құзыреттіліктер білім беру қызметі саласы субъектілерінің өзара іс қимылын ұйымдастыруда білім мен дағдыларды қамтиды. Зерттеушілер құзыреттіліктің көп деңгейлі иерархиялық моделін: интегративті құзыреттілік, эмоционалды, перцептивті, концептуалды, мінез-құлқы құзыреттілік деңгейлерін ұсынады. Білім беру саласы менеджерінің көшбасшылық сапаларына:

өзіне деген сенім; эмоционалды тұрақтылық; өзін-өзі ұстай алу; өзін басқару; стреске қарсы тұра білу; басымдылық таныту; қызметкерлерге ықпал ете алу; шығармашылық , мәселелерді шығармашылық тұрғыдан шешу, шешуде жауапкершілікті мойнына алу, тәуелсіз болуды жатқызуға болады. Жоғары зияткерлік сапалардың когнитивті құзыреттілік "білу" қызмет құзыреттілігі "жасау" әлеуметтік құзыреттілік "біріктіру" интербелсенді құзыреттілік "өзара әрекеттесу"; мақсатқа жетуге тырысушылық; тәуекелдерге бара алу қабілеті; тапсырмаларды орындаудағы жауапкершілігі, сенімділігі, шыншылдығы, уәдеде тұра алу; жағдайларға байланысты мінез-құлқын өзгерте алуға икемді болу; қарым-қатынасқа тез түсе алу, көпшілдігі; инновациялық үрдістердегі белсенділігі;

педагогикалық үрдіске қатысушыларды көшбасшылыққа бастай алу қабілеті; өз қызметінің қоғамдық мәнін түсіну жатады.

Әлемдік менеджмент теориясы басқарудағы көшбасшылық арқылы адам ресурстарын дамыту мәселесіне көп көңіл бөлуде. Бұл ХХ ғасырдың аяғына қарай қоғамның экономикалық, әлеуметтік және технологиялық дамуындағы өзгерістерге сай менеджменттің дамуына байланысты. Мемлекеттің өркениеті адами ресурстарының әлеуетіне және оны дамыту үшін жасалатын жағдайға байланысты екені белгілі. «Адам бір-бірінен тек білімі арқылы ғана оза алады» деп, өткен ғасырда ғұлама Мұхтар Әуезов айтып кеткендей, әлемнің алдыңғы қатарлы елі болудың маңызды тұғыры – адам капиталы, оның рухани биігі, ақпараттық сауаттылығы, экономикалық білімі. Білімді адамдарсыз заманауи инфрақұрылымды дамыту, тиімді мемлекеттік аппаратты құру, қолайлы бизнес ортаны қамтамасыз ету мүмкін емес. Көшбасшылық арқылы адам ресурстарын дамыту мәселелері соңғы кездерде кеңінен қарастырылуда. Әлеуметтік жүйелерді зерттеумен айналысатын «Мак Кензи» компаниясы адам ресурстарын дамытудың бүгінгі заман талабына сай жеті факторын ұсынып отыр. Олар: стратегия, құзыреттік, ортақ құндылықтар, құрылым, жүйелілік, қызметкерлер, басқару стилі ретінде тәжірибеге енуде. Мектеп басшысының көшбасшылығы арқылы ұжымдағы адам ресурстарын дамытудың мазмұнының құрылымдарына тоқтала кетейік.

Стратегия яғни адам ресурстарын басқарудың стратегиясын жасау. Жүйелілік адам ресурстарын басқарудың жүйесі оның мақсаты, қызметі, құрылымы, тиімділігін бағалау болып саналады. Қызметкерлерді таңдауға бейімдеу, баға беру, дамыту, босату, ынталандыру, басқарушылардың қызметкерлерді ынталандыру мен мотивациясын арттырудағы біліктіліктері, ортақ құндылықтар, ұйымда корпоративтік мәдениет пен ортақ құндылықтарды қалыптастыру және оны басқару жатады. Менеджмент дегенді негізінде өз еңбегін пайдаланып, интелектісін және басқа да адамдардың тәртібін пайдаланып жетекшінің қойылған мақсатқа жете білуі. Басқаша айтқанда бұл ғылым саласы және адамдарды және әлеуметтік процестерді басқару өнері.

Педагогикалық менеджмент – бұл қағидалардың, әдістердің, ұйымдастырылған формалардың, технологиялық әдіс жинақтарының қызметін көтеруге және дамытуға бағытталған педагогикалық жүйелерді басқару.

Білім беру процесінің астарында оны құраушы үш процесс бар:

Оқу-тәрбиелік, оқу- танымдық және өзіндік білім алу процестері.

Педагогикалық менеджмент анықтамасына қарап, кез келген оқытушы оқу -танымдық процесінің менеджері екенін көреміз (оларды басқару субъектісі ретінде) ал, орта білім беру мекемелерінің жетекшісі- жалпы алғандағы оқу- тәрбиелік процесінің менеджері (осы процесті басқаратын субъект ретінде).

Педагогикалық менеджменттің (білім беру процесін басқарудың теориясы, әдістемесі және технологиясы) өзіндік ерекшелігі және өзіне ғана тән заңдылықтары бар. Бұл ерекшелік ең алдымен өзіндік құралынан, қажеттілігінен, қаруынан және менеджер еңбегінің нәтижесінен көрінеді.

Менеджер еңбегінің құралы- білім беру процесіндегі басқарылатын субъектінің қызметі болып табылады. Еңбек қажеттілігі- ақпарат. Еңбек қаруы- сөз, тіл, сөйлеу.

Оқу-танымдық процесі менеджерінің еңбегінің нәтижесі оқушылардың білім алу , тәрбиелену және даму дәрежелері болып табылады.

Тәжірибе көрсеткендей орта білім беру мекемелерінде білім беруді басқарудың төмен болу себебі- жүйеге немқұрайлықпен қарау. Ол осы жүйедегі бір-бірімен байланысты субъектілердің арасында қарама-қайшылық туғызады. Соның нәтижесінде субъекті және объекті болып бөлінеді. Педагогикалық менеджмент тұрғысынан осы орта білім беру мекемелері жетекшілері мен оқытушыларының қызметі оқу-тәрбие, оқу-танымдық процесінің менеджері ретінде осы немқұрайлық пен шығармашылық арасындағы қарама-қайшылықты шешу болып табылады.

Бастауыш білім беру мекемелеріндегі оқушылардың оқу-танымдық процестерін оқытушымен басқару проблемасын жақсартудың бірден-бір шарты олардың жете білушілігі мен оқытушыға лайықты кәсіби шеберліктермен қамтамасыз ету. Менеджмент субъектісі ретінде оқытушының жете білушілігі оның кәсіби функцияларын орындау даярлығымен, әлеуметтік құрылулармен үйлесімді бірлікте болуымен және оның психо-педагогикалық дайындалуымен сипатталады. Мұндағы ең бастысы – педагогикалық шеберлік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сенге П. Пятая дисциплина: теория и практика самообучающейся организации. / П. Сенге – М.: Олимп-Бизнес, 2011. – 425 с.
2. Горбунова, Н.В. Внутрешкольное управление: теории и опыты педагогических и управленческих инноваций. / Н. В. Горбунова - М. : 2003.
3. Лукина, Л.И. Организационные аспекты работы с педагогическими кадрами ДОУ. Методическое пособие. / Л. И. Лукина - М.: Сфера, 2010, 12
4. Паньшина Т. В., Айтпаева Ж. Ж. Педагогикалық менеджмент: Оқулық/Т.В. Паньшина, Ж.Ж. Айтпаева. Алматы, 2012. – 248 б
5. Жайтапова А. А. Уроки менеджмента в организации образования: схемы и таблицы: учебное пособие / А. А. Жайтапова, З. М. Садвакасова. – Алматы, 2007. – 224 с.
6. Менеджмент в управлении школой. Уч.пос / под.ред Т.И.Шамовой – М.:2000г
7. Москвин С. Н. Управление человеческими ресурсами в образовательной организации: учебное пособие для магистратуры / Москвин С. Н. – Красноярск: КГПУ им. В. П. Астафьева, 2015 – 140с.
8. Бердалиев К.Б., Өмірзақов С.П., Есенгазиев Б.К., Ергалиев Қ.Р. Басқару негіздері.-Алматы, 1997
- 9.Каланова Ш. М. Тотальный менеджмент качества в высшем образовании: учеб. пособие – практикоориентированная монография / Ш. М. Каланова, В. К. Бишимбаев. – Астана: Фолиант, 2006. – 496
10. Конаржевский Ю.А. Внутрешкольный менеджмент / Ю. А. Конаржевский. – М., 1993.
11. Шамова Т.И. Третьяков П.И. Н.П. Капустин. Управление образовательными системами .М.,2002
12. Управление образовательными системами. Балашов.2003.-368с.
13. Шипилина Л.А.Управление образованием. Омск ОМГПУ, 1994.-100с.
14. Нысанбаев А.Н., Дунаев В.Ю. Национальная философия образования: задачи, принципы, приоритеты // Адам Әлемі. -2000, №3-4. – с.83-105
15. Шульц, Дуэйн. Қазіргі психология тарихы : [оқулық] / Д.Шульц, С.Э.Шульц. - 11-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы. Қоғамдық қоры, 2018. - 448 бет. - (Рухани жаңғыру)
16. Шунк, Дейл Х. Оқыту теориясы : Білім беру көкжиегі [Текст] : [оқулық] / Д. Шунк. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы. Қоғамдық қоры, 2019. - 608 бет. - (Рухани жаңғыру)
17. Битэм, Элен. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. XXI ғасырдағы оқыту дизайны [Текст] : [оқулық] / Э. Битэм, Р. Шарп. - 2-ші бас. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы. Қоғамдық қоры, 2019. - 328 бет. - (Рухани жаңғыру)

МРНТИ 15.21.61

Балтабаев Н.Қ.¹, Тоқсанбаева Н.Қ.², Турдалиева Ш.Т.³, Наубаева Х.Т.⁴

¹ PSILK WAY Халықаралық университеті, (Шымкент, Қазақстан)

² Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)

³ М.Х.Дулата атындағы Тараз өңірлік университеті. (Қазақстан, Тараз)

⁴ І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, (Талдықорған, Қазақстан)

ЭМОЦИОНАЛЬНАЯ ТУРАКТЫЛОСТЬ МУФАЛИМДЕРДІН КӘСІБИ МАҢЫЗДЫ САПАСЫ РЕТІНДЕ

Түйіндеме

Мақалада, мұғалімнің кәсіби-педагогикалық даярлығының сапасын арттыру- білім беру жүйесінің алдында тұрған бірінші кезектегі міндет. Алайда психологиялық-педагогикалық зерттеулерді талдау кезінде мұғалімнің дайындық деңгейі қазіргі заманғы мектеп талаптарына толық сәйкес келмейтін жағдайына қатты алаңдайтынын көрсетеді. Әсіресе, мұғалімдердің эмоциялық тұрақтылығын (ЭТ) қалыптастыру мәселесі аз зерттелген. Білім беру жүйесінің қазіргі тәжірибесін талдау қазіргі таңда педагогтың өзін-өзі табысты жүзеге асыруына қажетті мұғалімнің ЭТ-ін қалыптастырудың біртұтас жүйесінің жоқтығын көрсетеді. Осылайша, ЭТ педагогтың эмоциялық мәдениеті мен кәсіби

құзыреттілігінің қажетті құрамдас бөлігі және жеке тұлғаның интегративті қасиеті болып табылады, ол индивидуумның психикалық қызметінің эмоциялық, ерік, зияткерлік және мотивациялық компоненттерінің өзара әрекеттесуімен сипатталады, күрделі эмотивтік жағдайда қызмет мақсатына оңтайлы табысты қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Кілттік сөз: эмоциялық тұрақтылық, мұғалім, кәсіп, білім жетілдіру мекемесі, қабілеттілік, кәсіби-педагогикалық даярлық, психологиялық, педагогикалық, зерттеу.

Балтабаев Н.К.¹, Токсанбаева Н.К.², Турдалиева Ш.Т.³, Наубаева Х.Т.⁴

¹ Международного университета SILKWAY, (Шымкент, Казахстан)

² Казахский национальный университет имени аль-Фараби, (Алматы, Казахстан)

³ Таразский региональный университет им.М.Х.Дулати, (Тараз, Казахстан)

⁴ Жетысуский государственный университет им. И.Жансугурова, (Талдықурган, Казахстан)

ЭМОЦИОНАЛЬНАЯ УСТОЙЧИВОСТЬ КАК ПРОФЕССИОНАЛЬНО ВАЖНОЕ КАЧЕСТВО ЛИЧНОСТИ УЧИТЕЛЯ

Аннотация

Повышение качества профессионально-педагогической подготовки учителя-первоочередная задача, стоящая перед системой образования. Однако анализ психолого-педагогических исследований показывает, что учителя сильно обеспокоены состоянием, при котором уровень подготовки не полностью соответствует требованиям современной школы. Особенно мало изучена проблема формирования эмоциональной устойчивости учителей (ЭУ). Анализ современного опыта системы образования показывает, что в настоящее время отсутствует целостная система формирования ЭУ учителя, необходимая для успешной самореализации педагога. Таким образом, ЭУ является необходимым компонентом эмоциональной культуры и профессиональной компетентности педагога и интегративным свойством личности, характеризующимся взаимодействием эмоционального, волевого, интеллектуального и мотивационного компонентов психической деятельности индивида, обеспечивающим оптимальное успешное достижение цели деятельности в сложных эмоциональных условиях.

Ключевое слово: эмоциональная устойчивость, учитель, профессия, образовательное учреждение, способности, профессионально-педагогическая подготовка, психолого-педагогическая, исследовательская.

Baltabaev N.K.¹, Toksanbayeva N.K.², Turdaliyeva Sh.T.³, Naubaeva H.T.⁴

¹ SILKWAY International University, (Kazakhstan, Shymkent)

² al-Farabi Kazakh National University, (Almaty, Kazakhstan)

³ Taraz regional university named after M.Kh.Dulaty, (Kazakhstan, Taraz)

⁴ Zhetysu State University named after I.Zhansugurov, (Taldykorgan, Kazakhstan)

EMOTIONAL STABILITY AS A PROFESSIONALLY IMPORTANT QUALITY OF THE TEACHER'S PERSONALITY

Abstract

Improving the quality of professional and pedagogical training of teachers is a priority task facing the education system. However, the analysis of psychological and pedagogical research shows that teachers are very concerned about the state in which the level of training does not fully meet the requirements of modern schools. The problem of forming emotional stability of teachers (ES) is particularly poorly studied. The analysis of the modern experience of the education system shows that at present there is no complete system for forming the teacher's ES, which is necessary for the successful self-realization of the teacher. Thus, ES is a necessary component of the emotional culture and professional competence of the teacher and an integrative property of the individual, characterized by the interaction of emotional, volitional, intellectual and motivational components of the individual's mental activity, ensuring optimal successful achievement of the goal of activity in difficult emotional conditions.

Key word: emotional stability, teacher, profession, educational institution, abilities, professional and pedagogical training, psychological and pedagogical, research.

- ✓ "Менің болашақ мамандығым туралы не білемін";
- ✓ "Мені не қызықтырады және мұғалімнің жұмысына не қызықтырмайды";
- ✓ "Өзін-өзі қабылдауға үйрету";
- ✓ "Өзіңнің идеалды моделін қалыптастыру";

"Өзіне деген сенімділікті дамыту" сабақтарын өткізу барысында біз өзім – «Шынайы мен» және «Идеалды мен» арасындағы сәйкессіздікті жеңуге, оң өзін-өзі бағалауды, барабар өзін-өзі бағалауды қалыптастыруға, теріс қатынасты тудыратын жеке қасиеттерді түзетуге бағытталған жұмыс жүргіздік.

Практикум өткізу барысында студенттердің жұмысқа деген көзқарасын анықтау мақсатында сауалнама жүргіздік. Алынған мәліметтер негізінде студенттердің көпшілігі практикум өткізу барысында пайдаланылған жұмыс түрлеріне оң жауап берді (85,9%), студенттердің 51,9% практикум сабақтарының өзі туралы және өзіне деген көзқарасына елеулі әсерін мойындайды және студенттердің 41% практикум жеткілікті әсер етті деп санайды.

Семинар барысында студенттердің өздері туралы білімдері үнемі жинақталып, өздеріне деген барабар көзқарас қалыптасты, осылайша кәсіби өзін-өзі танудың танымдық және аффективті компоненттері күшейе түсті. Семинар сабақтарының тиімділігін анықтау үшін біз қалыптастырушы жұмысқа дейін және одан кейін танымдық және аффективті компоненттердің қалыптасу деңгейін салыстырдық.

Эксперимент нәтижелері бойынша сандық деректерді талдау болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби өзін-өзі тануының танымдық компонентінің қалыптасу деңгейінің өсуі туралы айтуға мүмкіндік береді. Бұған дәлел, біріншіден, төмен деңгейдегі студенттер санының 21,1% - ға төмендеуі. Кәсіби өзін-өзі танудың танымдық компонентін қалыптастырудың жоғары деңгейі бар студенттер саны 18,7% - ға өсті. Кәсіби өзін-өзі танудың танымдық компонентін қалыптастырудың орташа деңгейіндегі студенттер саны 2,4% - ға артты. Кәсіби өзін-өзі танудың танымдық компонентінің индикаторларындағы сапалық өзгерістерді атап өткен жөн: студенттердің жеке тұлғалық қасиеттері туралы идеялары кеңейді, болашақ кәсіби педагогикалық іс-әрекет үшін маңызды қасиеттерін сипаттауда хабардарлық пен анықтық, студенттердің өзін-өзі сипаттауы әр түрлі, жеке сипатта. Позитивті тұрақты өзін-өзі қарым-қатынас контекстіндегі көрсеткіштер өзгерді: өзіне деген теріс өзін-өзі қарым-қатынас деңгейі төмендеді және жеке тұлға ретінде өзіне деген қызығушылық артты.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби өзін-өзі тануының аффективті компонентінің қалыптасу деңгейінің өскенін атап өткен жөн. Төмен деңгейде оқитын студенттер саны 8,1% - ға, орта деңгейде 5,3% - ға азайды. Тиісінше, кәсіби өзін-өзі танудың аффективті компонентін қалыптастырудың жоғары деңгейі бар студенттер саны 13,4% - ға артты. Бұл өзгерістер, ең алдымен, олардың кәсіби маңызды жеке қасиеттерін өзін-өзі бағалаудың жеткіліктілігінде сапалы түрде көрінді.

Осылайша, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби өзін-өзі тануы мен өзін-өзі дамытуының мақсатты қалыптасуы кәсіби өзін-өзі танудың танымдық және аффективті компоненттерінің қалыптасу деңгейінің өсуіне ықпал етті.

Қорыта келе, еліміздің саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылуына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Маралов, В.Г. *Основы самопознания и саморазвития.* – М.: Академия, 2002 – 256 с.

2. Митина, Л.М. Психология труда и профессионального развития учителя. – М.: Академия, 2004. – 320 с.
3. Прокопьева, Е.В. Профессиональная Я - концепция психологов (начальные этапы профессионального становления): Дис. ... канд. психол. наук. – Ростов-н/Д., 2000. – 166 с.
4. Алмешова, Ж. К. Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми – педагогикалық негіздері / Ж. К. Алмешова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2014. — № 4.1 (63.1). — С. 31-33.
5. Жигитбекова Б.Д. Оқыту үрдісінде психологиялық тренингті қолдану // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. «Психология» сериясы, 2017. – С.36-39.
6. Жигитбекова Б.Д., Канаева С.Т. – Топтық психологиялық тренингтегі психогимнастиканың орны және рөлі // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. «Психология» сериясы, №4(53), 2017. – С.61-66.

МРНТИ:15.81.21

С.К.Алимбаева¹, Ж.Т.Сабралиева¹

¹Таразский региональный университет, Тараз, Казахстан

ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ САМООЦЕНКИ БУДУЩЕГО СПЕЦИАЛИСТА В ПРОЦЕССЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ПРАКТИКИ

Аннотация

В статье рассматриваются психолого-педагогические аспекты формирования профессиональной самооценки будущих педагогов. Проанализировано значение рефлексивного уровня в профессиональной деятельности. Определены психолого-педагогические аспекты и основные подходы к формированию профессиональной самооценки будущих специалистов. Рассмотрены основные этапы формирования рефлексии и профессиональной оценки в ходе педагогической практики. Предложена альтернативная система организации подготовки учителя на основе рефлексивно-гуманистической модели педагогического образования. Целенаправленное формирование рефлексивного компонента практической деятельности студентов позволило значительно корректировать профессионально-ценностные ориентации и «Я-концепцию» студентов.

Ключевые слова: профессиональная самооценка, рефлексия, личностная саморегуляция, педагогическая практика, профессиональные умения, образовательная среда, рефлексивно-гуманистическая модель, Я-концепция, профессионально-ценностные ориентации, профессионально-личностная перспектива студентов.

С.К. Алимбаева¹ Ж.Т.Сабралиева¹

¹Тараз өңірлік университеті, Тараз, Казахстан

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА ПРОЦЕСІНДЕ БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада болашақ мұғалімдердің кәсіби өзін-өзі бағалауын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық аспектілері қарастырылады. Кәсіби қызметтегі рефлексиялық деңгейдің мәні талданды. Болашақ мамандардың кәсіби өзін-өзі бағалауын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық аспектілері мен негізгі тәсілдері айқындалды. Педагогикалық практика барысында рефлексия мен кәсіби бағалауды қалыптастырудың негізгі кезеңдері қарастырылған. Педагогикалық білім берудің рефлексивті-гуманистік моделі негізінде мұғалімді оқытуды ұйымдастырудың балама жүйесі ұсынылды. Студенттердің практикалық қызметінің рефлексивті компонентін мақсатты қалыптастыру студенттердің кәсіби-құндылық бағдары мен "мен-тұжырымдамасын" айтарлықтай түзетуге мүмкіндік берді.

Түйін сөздер: кәсіби өзін-өзі бағалау, рефлексия, жеке өзін-өзі реттеу, педагогикалық практика, кәсіби дағдылар, білім беру ортасы, рефлексивті-гуманистік модель, Мен-тұжырымдама, кәсіби құндылық бағдарлары, студенттердің кәсіби-тұлғалық болашағы.

¹S.K. Alimbaeva¹, J.T. Sabralieva¹
¹Taraz regional University, Taraz, Kazakhstan

FORMATION OF PROFESSIONAL SELF-ASSESSMENT OF A FUTURE SPECIALIST IN THE PROCESS OF TEACHING PRACTICE

Abstract

The article deals with psychological and pedagogical aspects of the formation of professional self-esteem of future teachers. The value of the reflexive level in professional activity is analyzed. Psychological and pedagogical aspects and main approaches to the formation of professional self-assessment of future specialists are defined. The main stages of formation of reflection and professional assessment in the course of pedagogical practice are considered. An alternative system for organizing teacher training based on the reflexive-humanistic model of teacher education is proposed. The purposeful formation of the reflexive component of students' practical activity allowed us to significantly adjust the professional and value orientations and the "I-concept" of students.

Keywords: *professional self-assessment, reflection, personal self-regulation, pedagogical practice, professional skills, educational environment, reflexive-humanistic model, I-concept, professional and value orientations, professional and personal perspective of students.*

Проблема формирования у студентов профессиональной самооценки выдвигается на первый план в подготовке будущего специалиста. Задача состоит в том, чтобы сформировать у студентов полную структуру профессиональной обучающей деятельности, как одного, из основных видов деятельности педагога. Выполнение этой задачи связано с развитием личностной саморегуляции, основанной на самосознании, что позволяет в полной мере осознать себя в профессиональной роли, оценить свои возможности, достоинства и недостатки собственной деятельности, сознательно повышать свое профессиональное мастерство.

Обращение к профессиональной самооценке, как условию для совершенствования подготовки будущего специалиста, означает переход от декларирования значимости личностного подхода к его реализации, к формированию личности будущего учителя на основе ее сущностных свойств.

Традиционно существовавшее в период административно-командной системы обучение не стимулировало у студентов активного процесса саморазвития личности во время профессиональной подготовки. Рефлексивным процессам в ходе подготовки будущего специалиста отводилась второстепенная роль, или эта сторона педагогической деятельности попросту опускалась, не учитывались индивидуальные особенности студентов, проявляющиеся в ходе выполнения учебных функций.

Рефлексивный уровень профессиональной деятельности педагога является предпосылкой для совершенствования процесса деятельности. Анализируя собственные действия, учитель воспринимает их как объект, который может быть подвергнут влиянию. Смысл рефлексивных действий заключается в изменении средств и оснований деятельности с целью управления своим состоянием для более полного достижения цели. Процесс выявления основания для выбора решения является прямым продуктом рефлексии, который включается в системную организацию личностной регуляции и обуславливает формирование мотивов, целей, потребностей субъекта, качеств его личности, обуславливает его стремление к самосовершенствованию [1].

Профессиональное совершенствование и самосовершенствование студентов происходит под влиянием различных факторов. Решающие факторы связаны с рефлексивными процессами, которые пронизывают профессиональную деятельность педагога. Самооценка студентами своей профессиональной готовности является одним из элементов профессиональной рефлексии. Будучи включенной в учебную деятельность, она является стимулом к совершенствованию знаний и профессиональных умений. Оценка себя, как субъекта деятельности, открывает студентам возможности своего реального включения в тот или иной вид деятельности.

Под процессом формирования педагогической рефлексии мы понимаем трансформацию внешних нормативных предписаний и установок, опосредованно закрепляющих интересы и потребности общества в воспитании и образовании подрастающего поколения, в личностно значимые цели, способы и средства профессиональной деятельности учителя.

Сложность осуществления этого процесса заключается в том, что в настоящий момент еще не

выделены психолого-педагогические условия, с помощью которых может быть обеспечено формирование у будущих учителей самооценки. Очевидно, что данные условия могут быть выделены только в результате анализа тех связей и отношений, которыми опосредуется конкретное содержание педагогической рефлексии.

Профессиональное становление будущего специалиста во многом зависит от умения адекватно оценивать свою профессиональную деятельность. Но способность к рефлексии самопроизвольно не формируется. Профессиональная направленность на себя отнюдь не субъективный процесс.

Объективным компонентом рефлексии «Я» является система приемов, ставших привычными вследствие систематического обучающего воздействия, внешнего контроля и руководства умственной работой учащихся. Говорить об интериоризации такой системы приемов необходимо потому, что генезис самосознания, по убедительным доводам Л.С. Выготского, имеет тот же механизм, что и развитие высших психических функций, а само самосознание является в сущности «высшей психической функцией», появление которой свидетельствует о том, что психические функции вступили в новую связь друг с другом через личность. Руководством к действию в формировании и развитии рефлексии и самооценки педагога становится предложенный Л.С. Выготским закон развития всякой психической функции и положение о трех основных ступенях, через которые проходит любая психическая функция, когда она поднимается на высшую ступень и становится функцией личности в собственном смысле слова.

Л.С. Выготский пишет, что «решительный шаг на пути к пониманию самого себя совершается только с образованием понятия, под которым подразумевается понимание и упорядочивание внешней и внутренней действительности с помощью мышления». «Таким образом, понимание действительности, понимание других и понимание самого себя - вот что приносит с собой мышление в понятиях» [2].

О.К. Тихомиров отмечает по этому поводу, что лишь соединение проблематики самосознания с проблематикой мышления может указать те пути, которые позволят проследить динамику рефлексии, могут расширить сферу самосознания. Преломляя это положение в конкретную практику формирования профессиональной рефлексии будущего учителя, необходимо отметить, что расширение сферы познания себя должно вестись на высоком научном уровне с привлечением профессиональной терминологии, понятий, точно и емко описывающих объекты познания.

Успешная коррекция и поддержание согласованности «Я» возможны лишь при напряженной работе мысли. Источником мыслительной деятельности при формировании педагогической рефлексии являются несовпадения, противоречивость знаний о себе: а) полученных от других людей; б) добываемых самостоятельно, применительно к разным сферам жизнедеятельности. Идя от внешнего к внутреннему, мы узнаем себя с определенной степенью объективности. Такое знание невозможно, если педагог изолирован от общества, так как его самопознание может осуществляться только в условиях контакта с другими людьми. «Я» как субъект рефлексии в границах индивидуального сознания не рефлексивно.

В исследованиях В.А. Лекторского, подчеркивается, что для целенаправленного познания собственной деятельности необходим не только эталонный блок знаний, объективированные формы знания, но и производящие их коллективные формы деятельности, а говоря определеннее, носитель этих знаний, который проконтролирует адекватность их преломления и усвоения в деятельности [3].

У большинства студентов педагогических вузов еще нет опыта профессиональной деятельности, следовательно, впервые самооценка у них складывается во время экзаменов и прохождения практики. У некоторых студентов самооценка начинает формироваться на основе опыта выполнения общественной работы. Позже в процессе выполнения профессиональной учебной деятельности она трансформируется и принимает большую объективность и адекватность.

Профессиональная самооценка раскрывает характер притязаний будущего специалиста в области педагогической деятельности. В процессе выполнения студентами профессиональной педагогической деятельности во время практики самооценка претерпевает изменения на основе успехов и неудач и оценки действий другими людьми. Происходит развитие самооценки, формируется ее адекватность и вместе с тем потребность к профессиональной рефлексии.

Профессиональная самооценка студентов формируется постепенно: студенты учатся оценивать деятельность своих коллег и самих себя. Формирование профессиональной самооценки тесно связано с отношением студента к себе как к учителю, с построением образа «Я – учитель», с развитием профессионального самосознания.

Высокий профессиональный уровень педагога подразумевает не только глубокое знание предмета, но и его способность к воспитанию творческой личности ученика. Для этого педагог сам должен быть творческой личностью, вовлекающей учащихся в творческий процесс, побуждающий их творческую активность. Имеющаяся на сегодня система подготовки будущего учителя может быть значительно улучшена в плане формирования и развития творческого потенциала. Задаваемая в системе подготовки учительских кадров репродуктивная позиция, беспепеляционность, консервативность, закрытость в общении создает авторитарные отношения между учителем и учениками [4].

Альтернативная система организации подготовки учителя должна быть построена на основе рефлексивно-гуманистической модели педагогического образования. Студенты активно вовлекаются в процесс самосовершенствования, путем переосмысления своего опыта и углубления понимания сущности педагогического процесса, с позиции его концептуальной модели.

Преобразование реально существующей модели практики в инновационную, направленную на интенсификацию процесса становления культуры профессионально-личностного самоопределения студента возможно при условии изменения характера и способов рефлексивной самоорганизации деятельности практикантов [5].

В традиционно существующей организации практики ведущее место занимает оценка деятельности студентов другими участниками данного процесса, которая не всегда воспринимается студентами как справедливая и не превращается в самооценку. Оценочная деятельность самих студентов направлена прежде всего на оценку личности школьника и классного коллектива, а также методического мастерства учителя. В ее структуре незначительное место занимает самооценка [6].

Недостаточно используется и такое важное средство развития взаимопонимания между учениками и практикантами, как оценка учениками личности учителя, значение которой в развитии перцепции и профессиональном самосовершенствовании подтверждено исследованиями.

С целью интенсификации рефлексивного компонента профессионально-педагогической деятельности студентов нами разработано задание для педагогической практики студентов выпускного курса Таразского регионального университета. В начале педагогической практики студенты оценивают свою готовность к практической деятельности в форме свободного самоописания «Мое представление о себе как о педагоге».

В ходе практики постоянно осмысливают и оценивают под руководством методистов свою педагогическую деятельность как систему педагогических ситуаций, фиксируя наиболее сложные, интересные и значимые моменты ее в дневнике. Результатом этой работы служит конструирование педагогических задач, в ходе которого студенты выделяют и описывают две ситуации, характеризующие взаимоотношения: а) между учителем и учениками (студент является наблюдателем); б) между практикантом и учениками (студент является субъектом педагогического воздействия).

В конце педагогической практики студенты проводят анонимное анкетирование учащихся своего класса по вопросам: Что понравилось Вам в учителе-практиканте? Ваши пожелания студенту-практиканту как будущему учителю и классному руководителю.

Полученные результаты оцениваются и анализируются студентами, корректируется их позиция в работе с классом, намечаются дальнейшие перспективы и пути профессионального самосовершенствования. Завершающим итогом практики является письменный анализ своей педагогической деятельности, в процессе которого студенты оценивают ее по следующим позициям: Как изменились в процессе практики мои представления о будущей профессиональной деятельности и о самом себе как педагоге? Чему научили меня мои ученики?

Целенаправленное формирование рефлексивного компонента практической деятельности студентов позволило значительно корректировать профессионально-ценностные ориентации и «Я-концепцию» студентов. Для студентов, участвующих в исследовании сложилось более реальное представление о своей будущей профессии и своих профессиональных качествах. Предварительный опрос показал, что 60% студентов считают труд учителя сложным и трудным, с тревогой ожидают встречи с учениками старших классов.

Повышенная тревожность в группе, не участвовавшей ранее в экспериментальном исследовании, связывалась прежде всего: с недостаточной теоретико-методической подготовкой; с неуверенностью в общении со старшеклассниками; с некоторыми личностными особенностями. Вместе с тем 40% студентов были уверены в себе и считали себя готовыми к главному, что необходимо, по их мнению,

для практики – хорошо знать свой предмет и уметь организовать познавательную деятельность детей.

Студентов экспериментальной группы меньше волновали проблемы их теоретической и методической подготовки, для них в большей степени свойственны позитивное самоотношение, сосредоточенность внимания не только на преподаваемом предмете, но и на своей собственной гуманистической педагогической позиции, сложившейся системе профессиональных ценностей и установок, ожидание возможности реализовать свой профессионально-личностный потенциал (педагогические взгляды, знания и умения, освоенные идеи и методы). Они в большей мере ориентированы на детей, их интересы и потребности, на сотрудничество и совместную внеучебную деятельность.

Проведенная в ходе педагогической практики работа внесла значительные изменения в оценку и самооценку студентами своей профессиональной деятельности. 90% студентов осознали сложность труда учителя, встретились с трудностями, на которые они не рассчитывали. Самую большую сложность они испытывали в общении с детьми в начале практики, однако постоянная рефлексия педагогического взаимодействия, возникающих ситуаций позволили определить свою позицию в общении, искать и находить точки соприкосновения со старшеклассниками.

В ходе практики постепенно произошла переориентация с предметной направленности на педагогическую у всех студентов, основу которой составило усиление внимания личности ученика и общению с ним. Для многих это связано с открытием в ученике личности, взрослого, серьезного человека, со своими взглядами, характером, индивидуальными особенностями. В самооценке студентами самих себя и коррекции их отношения к детям значительную роль сыграла оценка учениками студента-практиканта, которая показала высокий уровень требований, предъявляемых школьниками к личности учителя, но вместе с тем их способность тонко чувствовать и высоко оценивать то лучшее, что присуще будущим учителям. Приведем некоторые из высказываний учащихся: «нравится то, что он имеет на все свою точку зрения, отличную от учебника»; «с ним интересно обо всем поговорить»; «ведет себя с нами, как с равными, понимает учеников»; «мы ее видели только на уроках, надо больше общаться с учениками» и т.д.

Результаты исследования показывают, что организованная таким образом научно-исследовательская деятельность обеспечивает гармоничное сочетание внешней и внутренней рефлексии, оценки и самооценки студентов, становится одним из наиболее важных средств построения профессионально-личностной перспективы студентов, осознанного выбора своего пути не только в профессии, но и в психолого-педагогической науке. Преобразование реально существующей модели практики в инновационную, направленную на интенсификацию процесса становления культуры профессионально-личностного самоопределения студента возможно при условии изменения характера и способов рефлексивной самоорганизации деятельности практикантов.

Список использованных источников:

- 1. Вершиловский С.Г. Учитель о себе и профессии. – СПб.: Знание, 2015.*
- 2. Выготский Л.С. Мышление, речь. – М., 1996.*
- 3. Захарова А.В. Генезис самооценки. – М., 2009*
- 4. Кузьмина Н.В. Методы системного педагогического исследования. – СПб., 2012*
- 5. Успанов К.С. Теория и практика формирования профессионально значимых качеств у будущих учителей. – Алматы: Гылым, 2008. – 228 с.*
- 6. Моргун В.Ф. Потребностно-мотивационные факторы эффективности учебной деятельности студентов ВУЗа. – М: Мысль, 2014. – 525 с.*

МРНТИ:15.81.22

С.К.Алимбаева¹ Г.Б.Макашқұлова¹
¹Тараз аймақтық университеті,
Тараз, Қазақстан

ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада қарым-қатынас әрекетінің субъектісі болатын жеткіншектердің психологиясы, олардың өзара түсіністікке жету арқылы пубертаттық кезең қиындықтарын жеңу ерекшеліктері, коммуникативтік құзіреттілік, тұлғааралық қарым-қатынас жайлы сөз қозғалады. Жеткіншектердің қарым - қатынастарын оларды тұлғалық дамытудың маңызды шарты деп санауға болады. Жеткіншектер қарым -қатынастарды орната отырып, өзіне қажетті ақпараттарды алады, тәжірибені қабылдайды, өзін моральды білімдермен және адамгершілік құндылықтармен байытып, қоғамдағы мінез-құлық ережелерін игереді, қарым-қатынастың өзіндік стилін қалыптастырады.

Түйін сөздер: *әлеуметтену, тұлғааралық қарым-қатынас, қарым-қатынас стилі, коммуникация, коммуникативтік құзіреттілік, тренинг.*

С.К.Алимбаева¹ Г.Б.Макашқұлова¹
¹Таразский региональный университет,
Тараз, Казахстан

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ НАВЫКОВ ОБЩЕНИЯ ПОДРОСТКОВ

Аннотация

В статье речь пойдет о психологии подростков, являющихся субъектами коммуникативной деятельности, особенностях преодоления трудностей пубертатного периода путем достижения ими взаимопонимания, коммуникативной компетентности, межличностного общения. Отношения подростков можно считать важным условием их личностного развития. Подростки, устанавливая отношения, получают необходимую им информацию, перенимают опыт, обогащают себя моральными знаниями и нравственными ценностями, овладевают правилами поведения в обществе, формируют собственный стиль общения.

Ключевые слова: *социализация, межличностное общение, стиль общения, коммуникация, коммуникативная компетентность, тренинг.*

¹S.K. Alimbaeva¹, G.B. Makashkulova¹
¹Taraz regional University, Taraz, Kazakhstan

PSYCHOLOGICAL FEATURES OF FORMATION TEENAGERS COMMUNICATION SKILLS

Abstract

The article discusses the psychology of adolescents who are the subject of communication activities, features of overcoming the difficulties of the adolescent period by achieving mutual understanding, communicative competence, interpersonal communication. Relationships of teenagers can be considered an important condition for their personal development. Teenagers, establishing relationships, get the information they need, learn from experience, enrich themselves with moral knowledge and values, master the rules of behavior in society, and form their own communication style.

Keywords: *socialization, interpersonal communication, communication style, communication competence, training.*

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Оқыту мен тәрбиеге құндылық-бағдарлы көзқарас мектеп климатында, мәдениетінде, барлық қызметкерлердің мінез-құлқында және қарым-қатынасында көрініс беретін мектептердің барлық мектеп жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады», - деп атап өтілген (1). Сондай-ақ, бағдарламада өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту, әлеуметтік жауапкершілік пен оқушылардың әлеуметтенуін қалыптастыруға ықпал ететіні айтылады. Әлеуметтену қарым-қатынасқа қиындықсыз түсу кепілі болады және заманауи ағымда өмір сүруге жетелейді.

Қоршаған ортамен өзара байланыста индивидтің қоғамдық ортаға ену үрдісі «әлеуметтену» деп аталады. Адам баласына қатысты қолданылған бұл терминнің авторы Франклин Гиддингс болып табылады. Ғылыми айналымға «әлеуметтену» ұғымының енуімен ол XX ғасырдың орта тұсында дербес пәнаралық зерттеу аймағына айналды. Әлеуметтену мәселесінің пәнаралық сипатын білу адамның өмір бойы қалыптасуын зерттеумен айналысатын мамандар үшін пайдалы, әрі қажет деп пайымдауға мүмкіндік береді. Олай болса, индивидтің болмыс ретінде қалыптасуының нәтижесі-бейімделуге алып келеді. Адам өмірінің белгілі бір кезеңдерінде, нақтылы бір әлеуметтік жағдайларда бейімделу сипаты даму үрдісінің болуына, өзін-өзі өзгертуіне байланысты (2, 73-81 б).

Әлеуметтік ортаға бейімделуде қарым-қатынасқа түсе білу де маңызды. «Қарым-қатынас - іс-әрекетпен, ақпаратпен, эмоциялармен, дағдылармен, іскерлікпен өзара алмасатын байланыс және іс-қимыл үрдісі»-дей келе, В.А.Лабунская қарым-қатынастың адам өмір бойы араласатын әмбебап шындық екенін айтты (3, 110-112 б).

Адамның өмірге бейімделгіштігі, еңбек нәтижелілігі, танымдық, ақыл-ой белсенділігі оның қарым-қатынас қабілетіне, коммуникативтік құзреттілігі мен дағдыларына байланысты. Қарым-қатынас жасау қабілеті бұл - өмір бойына дамып және өзгеріске ұшырап отыратын табиғи сый. Адамдармен қарым-қатынассыз индивид жеткілікті дәрежеде әлеуметтік субъект бола алмайды, бір де бір психикалық функциялардың, үрдістердің, жеке қасиеттердің толыққанды қалыптасуы мүмкін емес.

Осындай мәнге ие үрдісті саралап қарастыратын болсақ, Ю.С. Крижанская және В.П. Третьяков қарым-қатынас бұл- байланыс және пікір, көңіл-күй, тілектер, тәжірибемен алмасу деп анықтама берсе, белгілі практик психолог Е.И. Рогов қарым-қатынас мазмұнына келесідей талдау жасады:

- қарым-қатынас өзара әрекет стратегиясын құруды, ақпарат алмасуды, өзгелерді қабылдау мен түсінуді интерациялайтын адамдар арасында қатынас құру үрдісі;

- қарым-қатынас бірлесу қажеттілігінен туындаған байланысушылардың психикалық болмысындағы ерекшеліктерге бағытталған, құралдардың көмегімен жүзеге асатын іс-қимыл.

Қарым-қатынастың мәнін талқылау оның бірнеше үлгілерден- коммуникатор (ақпарат беруші), реципиент (ақпарат алушы), хабарлама-ақпарат, байланыс арнасы және сигналдардың кодтары сияқты құрамдас бөліктерден тұратынын көрсетті. Ақпарат алушыға ыңғайлы болу үшін ақпаратты кодтау мен декодтаудың ортақ тәсілдерін пайдалану керек [4, 56-57 б].

Қазіргі кезеңде жалпы білім беретін мектепті жаңғырту оқу-тәрбие үрдісі тиімділігінің негізгі өлшемінің бірі ретінде тұлғаның танымдық, жасампаздық қабілетін дамытуды, ашық педагогикалық үдеріске қатысушыларды қоғамдық өмірге дайын коммуникативтік біліктері дамыған, социумда бейімделгіш балаларды тәрбиелеуге қойылатын заманауи талаптар жеткіншектердің коммуникативтік дағдыларын меңгеру міндетін белсендіруді көздейді. Жеткіншектердің өзара түсіністікке келу мәселесіне қызығушылықтың артуы тұлғааралық қарым-қатынасты оңтайлан - дырумен байланысты болып отыр. Жалпы социумда тұлғаның қалыптасуының мазмұны мен психологиялық ерекшеліктеріне теориялық көзқарас Г. Андреева, Л.П. Буева, Н.С. Мансуров, Б.Д.Парыгин, А. В. Петровский, А. К. Уледов, Л. И. Уманский сынды әлеуметтік психологтардың зерттеулеріне негіз болды.

А.А. Бодалев, Б. Ф. Ломов, А.В. Мудрик, В.М. Мясичев еңбектерінде қарым-қатынас үрдісінің генезисі және тұлғааралық өзара қарым-қатынас зерттелді, сондай-ақ М.В. Дружинин, А.К. Зайцев, Б.Н. Краснов, Л.А. Петровскаялар әлеуметтік жанжалдарды шешудің себептері мен тетіктерін анықтады. Қарым-қатынасты философиялық тұрғыда И.А. Ильева, В. И. Соковнин, А.И.Титаренко, психология ғылымы тұрғысынан И.В.Лабутова, Е.В. Коблянская, Р.А. Максимова, педагогикалық бағытта М.Б. Дашкин, Л.А. Аухадеева, В.А. Слостенин, Е.Е. Боровкова, А.В. Мудрик қарастырды. Жеткіншектің коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру ерекшеліктерін Л. Р Мунирова, А.Е.Дмитриев, О.А. Веселкова, А.А. Панферовалар зерттеді. Осы жастағы балалардың бейімделу құралы ретіндегі коммуникативтік дағдыларын В.Г.Казанская зерделеді (5, 78-85 б).

Ал Қазақстандық зерттеушілер Ә.Ж. Алдамұратов, Қ.Т. Шерьяданова, С.М. Жақыпов, Н.Қ.Тоқсанбаева, Ү. Уақбаевалар қарым- қатынас тұлғаның қалыптасуына негіз болатынын ерекше бағалады. Дегенмен, коммуникативтік дағдылар жеткіншектердің коммуникативтік құзыреттілігінің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде жан-жақты зерттелмегендігін көреміз.

Г.А. Бодалев тұжырымына сай тұлғааралық қарым-қатынас - бұл диалог, ал ол әңгімелесушілердің өзара байланысында жағымды эмоциялық тонуспен сипатталуын және өзара ашылу керектігін болжайды және мұндай қарым-қатынасқа басқаның сезіміне ене білу, сәйкес келу тән екен. Жалпы әңгімеге қатысушылардың коммуникативтік құқықтарын бұзбау, түсіністік таныту маңыздылығын алға тарта отырып, коммуникативтік талаптар ескерілген жағдайда қарым-қатынас жүзеге асатыны сөзсіз болып отыр (6, 94-97 б).

Осылайша коммуникативтік қызметті теориялық жағынан түсіну бізге белгілі бір дәрежеде қоғамдық өмір құбылыстарының одан әрі дамуын болжауға және осы үрдістердегі әлеуметтік қызметкердің, яғни кәсіби міндеті бар адамдармен қарым-қатынас болып табылатын адамның рөлі мен орнын нақты айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қазіргі уақытта жеткіншектердің қарым-қатынас жасау мүмкіндігі жайлы мәселе ерекше мәнді, себебі жеткіншек үшін қарым-қатынас оның дамуының маңызды бөлігі және іс-әрекетінің жетекші түрі болып табылады. Әр тұлға басқа адамдармен өзара әрекетінде көрінетін ерекше белгілер мен сипаттамаларда көрініс тапқан қарым-қатынастың белгілі бір тұтас стиліне ие. Қарым-қатынас стилі адамның басқа адамдармен қарым-қатынасы барысында қолданатын жеке ерекшеліктерін көрсетеді. Стиль адамның қандай да бір жағдайды қалай түсінетінін анықтайды, сол арқылы басқаларға қатынасын және мәселелерді шешу тәсілдерін қалыптастырады.

Тұлғаның қарым-қатынас стилі мәселесін В. С. Мерлин, Г. М. Андреева, И. Л. Руденко, И.П.Шкуратова, С. П. Безносков, В. В. Латынов, В. А. Толочек, А. А. Адлер сынды ғалымдар қарастырса, О. В. Скрипченко пікірі бойынша қарым-қатынас стилі - бұл адамның коммуникативтік мінез-құлқының жеке тұрақты түрі, ол өзара іс-қимылдың кез келген жағдайында-іскерлік және жеке қарым-қатынаста, балаларды басқару және тәрбиелеу стилінде, шешімдер қабылдау және жанжалдарды шешу амалдарында, адамдарға психологиялық әсер ету тәсілдерінде көрініс табады (7, 151-154 б).

Т.В.Драгунова жеткіншектің бұрынғы қарым-қатынасын жаңасына ауыстыру сипатын, Э.Эриксон жеткіншек баланың өзіндік сана-сезімін қалыптастыру қажеттілігін, өзіндік сананың міндетті компоненті ретінде өзін-өзі бағалауды атады, себебі олардың субъективті «мені» басқалардың көзқарасынан қалыптасатынын дәйектеді. Қатарластарының нақты бір тобында болу бұл жастағы балаға ерекше сенімділік сезімін ұялатады. Топтағы қалыптасқан заңдылықтар оның мінез ерекшеліктеріне ықпал етеді. Адам бойындағы сапалық өзгерулер сезімталдық, тұлға ретінде қалыптасуының аяқталмауы жағымсыз сипаттардың орын алуына әкелуі мүмкін, атап айтқанда агрессивтілік және депрессия. Бұл деректердің негізінде физиологиялық жаңа құрылымдар, эмоцияны басқара алмау, отбасылық қарым-қатынас мәселелері, жеткіншекті қоршаған ортадағы субмәдениет дағдарыстың салдарын қиындата түсетінін көрсетеді (8, 28-40 б). Бала өзіне жауапкершілік алғысы келмегенімен, ол ерікті болуды қалайды, дегенмен үлкендерден қолдау күтеді. Құрдастарымен араласуға уақытының басым бөлігін жұмсайды, ол үшін өзі мүше болып тұрған топ өкілдерінің беретін бағасы құнды болып табылады. Сол топтағы психологиялық ахуал, еліктейтін мінез қасиеттерінің сапасы оның даму үрдісіне тікелей әсер етеді

Осы орайда И. В. Шаповаленко пубертаттық кезеңдегі қарым-қатынас қатарластармен қарым-қатынасты кеңейтуге және жетілдіруге сензитивтілігін және бұл үрдіс- ақпарат алмасу, өзін-өзі тану мен эмпатиялық дағдыларын жетілдіру, бірлесу барысында әсерлерімен бөлісу, гендерлік рөлдерді меңгеру, дербестік тәжірибесін байытудың көмегімен іске асатынын айтады. Сондай-ақ қатарластары арасында жеткіншектің тұлға ретінде дамуы үшін жаңа әлеуметтік жағдай туындайды, есейген сайын жыныстық жетілу үлкендерден тәуелсіздік алуға ұмтылысты күшейте отырып өзара қарым-қатынас қажеттілігін жандандырады. Өзін құрдастарымен салыстыра отырып, бағалаудың бірдей механизімін қолдану арқылы олармен байланыс маңызды бағытқа айналады. Бұл қарым-қатынаста жаңа мінез-құлық реакцияларын ашады: топтасу, серіктестік, достық қарым-қатынас орнату, онда маңызды мәртебеге ие болу арқылы жүзеге асырылады (9, 260 б).

Т.П.Авдулова зерттеулерінде ұл балаларға қарағанда қыздардың арасында ерекше эмоциялық байланыс орын алатыны айтылады. Өзара бір-бірін барлық жағынан теңестіре отырып салыстыру, сол арқылы ересектік қасиеттерді меңгеру, қарама-қарсы жыныс өкілдерімен байланыс жасау,

тұрақты өзіндік бағалауды қалыптастыру орын алады. Дегенмен балалардың басым бөлігі қарым-қатынас барысында қиындықтарға жолығады. Оның себептері де әралуан- біреуге ұялшақтық қасиет қалыпты тілдесуіне кедергі болса, келесі бір балаға шамадан тыс көп сөйлеуге жол бермейді. Бір бала өз ойын қысқаша түрде дәйекті айта алмаса, келесі жеткіншек әңгімелесуші жұбын тыңдау және есту қиындығын басынан өткереді (10, 129 б).

Егер балаға топ құрамында болып, байланыс орнату қиынға соқса ол психолог маманның қолдауына жүгіне алады. Маман көмекке зәру болып отырған баланы тыңдау мен оң шешім шығаруға көмек береді. Ересектер баламен, әсіресе жеткіншек жастағы баламен қарым-қатынасты жүйелі құру, шыдамды болу, баланы бар болмысымен, дәл қазіргі қалпымен қабылдау, түсінуге талпыныс жасалып жатқанын сезіндіру маңызды.

Осылайша, жеткіншектердің психологиялық ерекшеліктерін талдай отырып, біз оның қарама-қайшылыққа толы екенін атап өте аламыз. Олай болса қарым-қатынас жасай білу дағдыларын дамытуда тренинг ұйымдастыру мен оларды құрылымдау сипаты маңызды болып табылады.

Тренинг- практик психологтардың қызметінде қолданатын белсенді әдістердің бірі. Бұл ұғымның негізгі анықтамасы, зерттелуі шетелдік авторлардың деректерінде ерекше қарастырылған, атап айтқанда Д. С. Витакер, В. Г. Ромек, С. Торп, Дж. Клиффорд, М. Дэвис, П. Фаннинг, К. Палег, М. Коуп, Р. Кочунас, Д. Маккей, М. Холл. Тренинг- қарым-қатынас дағдыларын жетілдірумен, коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырумен шектелмейді, оның тұлға қасиеттерін түзету, эмоцияны басқаруға қолдау жасай білу сынды ерекшеліктері де бар. Бұл жөнінде М.А.Реньш өз зерттеулерінде ерекше салыстырмалы талдау жасай отырып атап кетті (11, 28-35 б).

Тренингтік бағдарламаны құру барысында тренинг моделіне және шешілетін міндеттеріне ерекше мән берілді. Ал бағдарламаны жүйелеп, жоспарлау сәтінде көптеген қағидаттар ескерілуі қадағаланды, әсіресе тренингтік іс-қимылдар, әр күнде жоспарланатын жаттығулардың сабақтастық сипаты, топтың немесе балалар ұжымының даму деңгейі. Сабақтастық мәселесіне келер болсақ әрекеттердің алдыңғы күні ақпараттармен мазмұндық түйісуі ескерілумен байланысты, олай болмаған жағдайда топта жұмыс істеу «қараңғыда адасумен» бірдей деуге болады. Егер мазмұндық алшақтық орын алса келесі жаттығуды орындауды көрсететін қосымша жұмыс жүргізілуі керек не болмаса тренинг жоспары қайта қаралуы тиіс. Ал топтың дамуы деңгейін ескеру қағидасы тренингтік бағдарлама құруда топтық динамика заңдылықтарының механизмдерін ескеруді, сондай-ақ балалар ұжымын дамытуға бағытталған әрекетті жоспарлау қажеттілігін болжайды, себебі жаңа құрылған балалар тобы қалыптасу мен дамудың белгілі жолдарын жүріп өтеді. Олай болмаған жағдайда, жаттығуларды дұрыс таңдау орын алса тренингтік топта, әсіресе өзгермелі, елірмелі жас деп есептелетін жеткіншектер арасында шиеленістің пайда болу мүмкіндігі басым болады. Сондықтан тренинг жүргізуді бастамас бұрын тренинг ерекшелігіне бағдарлануға түрткі болатын рәсімдер жүргізілді. Келесі кезекте тренингтік топта балалармен бірлесе отырып жұмыс жасау нормалары мен ережелері бекітіліп, әрекетке көшу мотивациясын ояту мақсатындағы ақпараттармен жұмыс жасалды. Бұл қадамдардың барлығы тренингтің сәтті өтуі мен қатысушылардың жұмысқа қабілеттілігін қалыптастыруға, топты біріктіруге бағытталды.

Топтық коррекция жүргізуде қыздыру жаттығулары, рөлдік ойындарда түрлі жағдайларды модельдеу, жұптармен жаттығу, сұбаттасу, пікірталас тәсілдер қолданылды. Жоспарлау кезеңінен кейін тренингті жүргізу әдістемесін таңдау, талапқа сай сценарий құру, жұмыс мазмұнының кезеңдік ұйымдастырылуына ерекше мән бердік. Тренингті ұйымдастыруда жүрізушінің рөлі мен оның тұлғалық қасиеттері, жекелік өнегесі маңызды, оған жеке қасиеттерден бөлек топтық жұмыс жүргізудің нақты дағдыларын меңгеру, топты біріктіру, психотехникалық және рөлдік ойындар жүргізе білу, пікірталас құра білу, мотивация бере білу, қарсылықты жою, «қиын клиенттермен» ортақ тіл табысу, қарым-қатынас орнату жатады. Сонымен қатар тренингті ұйымдастырушы ретінде болжамды түрде талқыланатын негізгі сұрақтар тізімін, қосымша жаттығулар қорын белгілеп қоюды жөн көрдік. Тренингтің алғашқы күні кері байланыс орнату барысында қатысушыларға қойылған сауалдарға жауаптар сипаты балалар тобында, достар арасында топтық жұмыстың мақсаттары мен мүмкіндіктерін анық түсінетінін білдіргенімен, сыныпта өзара қолдау және тығыз қарым-қатынас жасау тұрақты болмайтынын, қиындықтарды бірлесіп шешуде кедерілер болатынын көрсетті. Ересектер тарапынан, қатарластар тарапынан да сөйлеу этикетінің сақтала бермейтінін, әркез тыңдай білу қасиеттерінің жеткіліксіздігін атады.

Тренинг барысында күтілетін нәтижеге жетуде оның ұйымдастырылу технологиясының шарттарын орындау маңызды болып табылады. Мәселенің теориялық негіздерін басшылыққа ала

отырып жеткіншектердің қарым-қатынасқа түсу дағдыларын диагностикалау барысында бұл жастағы балалардың тіл табысқыштығын, яғни байланыс орнатуға ерекше қажеттілігін, қатынас орнатудың процессуалдық тұсын игеруін (кідіріс, экспрессия), байланыстың әлеуметтік қырын меңгеруін, яғни қарым-қатынастағы әлеуметтік нормаларды сақтау мен тиісті коммуникативтік дағдыларының болуын зерттедік. Диагностика барысында бақылау, сауалнама, тест, сынып жетекшілерінен тәртіп және үлгерім жөнінде мәлімет алынды. Респонденттерді диагностикалау қорытындысы бойынша алынған нәтижелер түзету жұмысын жоспарлап жүргізуге негіз болды. Зерттеу нәтижелеріне орай жеткіншектердің қарым-қатынасқа түсу, коммуникативтік дағдыларының даму деңгейлерін анықтаудан кейін, көрсеткіштер негізінде түзету жұмыстары жоспарланды.

Алғашқы тренингтік сабақта қатысушылар өздерін таныстыру, қайталанбас, даралығын көрсету, басқалармен бірлікте әрекет ету арқылы байланыс орнату жолдарын меңгерді.

Екінші сабақта өзара сенімді қатынас орнату көзделді. Өзіне сенімсіз тұлғалардың тілдесуді бастау, ашылып ой бөлісу қиындығы ескерілді. Бұл үшін әнімелесуді қалай бастап, болашақта оны қалай қолдайтыны және оны аяқтаудың маңызы жайлы түсінік қалыптастыруға баса назар аудардық.

Келесі сабақ қарым-қатынасқа түсушіні қабылдау және тыңдай білу мәдениетін арттыруға бағытталды. Бұл тұста ескеретін жайт өркениетті қоғамда қарым-қатынас пен тұлғааралық қатынастардың үйлесімділігі, олардың нормативтік сапасына әсер етеді. Осыған сүйене отырып, көптеген қайшылықтың, қақтығыстың, наразылықтың пайда болуын болдырмауға болады. Дегенмен қарым-қатынас нормасын субъективті түрде қабылдау, түсіну және бағалау көпшілік адамдарға тән, әсіресе басқалардың дауыс көтеруіне, сын айтуына, жол бермей отырып, басқаларға осының бәрін жасап, олардың әрекеттеріне шектеу жасайды. Сол себепті байланыстың белгілі бір жағдайларында коммуникацияға түсушілердің әрекеттерін басқару құнды болып табылатындығын бүкіл сабақ барысында қадағаладық.

Тренингтің келесі күні өзара тіл табысуда өтініш айту, сұрау сынды категориялардың мәні қарастырылып, орны нақтыланды. Жалпы тіл табысудың тиімді болуы өтінішті қандай сөзбен, интонациямен ұсынатындығына байланысты болып келеді. Интонация тілдесуді көркемдеп жеткізеді және оған ерекше реңк береді. Түрлі интонация қолдануды игеру, тиімді коммуникаторлық дағдылар қалыптасуын басқаруды мақсат ете отырып жаттығулар жүргізілді. Ал тренингті ұйымдастырудың соңғы күні балалардың жалпы тренинг барысындағы әрекеттері мен меңгергендерін талдап, қорытындылауға арналды. Жоспарлы түрде жүргізілген коррекциялық жаттығулар зерттелінушілердің қарым-қатынасқа түсу дағдыларын кеңейте отырып қызығушылықтарын арттыруға, сезімдерін шоғырландыруға жағдай тудырды. Жоғарыда аталған сипаттамалардың барлығы қарым-қатынасқа түсе білу дағдыларын дамытуда қатарластарымен ғана емес, ата-аналары және ұстаздарымен қатынаста ұтымды әрекет жасауға болатындығымен ерекшеленеді.

Қорыта айтар болсақ қарым-қатынас іс-әрекеттің негізгі түрлерінің бірі болғандықтан психикалық даму, тұлға ретінде қалыптасу адамдардың негізгі сипаттамаларын анықтайды, өзара қатынасқа әсер етеді. Өзгермелі жас кезеңінде балалардың қарым-қатынас мәселесін басты назарда ұстау қажеттілігі ғылыми зерттеулерге арқау бола отырып коммуникативтік дағдыларды меңгеру қиындықтың алдын алуға, дағдарыстан жеңіл шығуға мүмкіндік береді. Бұл жастағы негізгі іс-әрекет қарым-қатынастың үлесіне тиетінін ескерсек, балалардың бар істі өз бетімен жасап, ересектердің қамқорлығы мен ақыл-кеңесінен құтылғысы келуі «ересектік сезімнің» орын алғанын айқындайды. Жеткіншектік кезеңде көрініс беретін эмоциялық тұрақсыздық та әлеуметтену үрдісіне кері әсерін беретіні белгілі құбылыс. Жеткіншектер ересектермен қарым-қатынаста қиындықтарға кезігіп жатады, салдарынан оларды жақындарына қарағанда қатарластары қызықтырып, олардың өмірінде маңызға ие болады. Бұл жеткіншектер психологиясының ерекшелігі мен күрделілігін көрсетеді. Ал қарым-қатынас-білім беру үрдісінің құрамдас бөлігі, сол себепті жеткіншектердің коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру оқу сапасын жетілдіруге, тұлғаның әлеуметтенуі мен қалыптасуына әсер етеді. Бұдан шығатын қорытынды қарым-қатынастың заңдылықтары, ерекшеліктері, техникасы, технологиясы жайлы білім алу, үйрену қажеттілігі қазіргі заманғы әлеуметтік-психологиялық талаптардың бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 Қаулысы.

- 2 Мудрик А.В. Социализация человека: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / А.В. Мудрик – 3-е изд., испр. и доп. – М.: Изд-во Московского психолого-социального ин-та, 2011.
- 3 Лабунская В. Психология затрудненного общения /В. Лабунская. – М.: Академия, 2011. – 288 с.
- 4 Рогов Е.И. Психология общения: учебник / Е.И. Рогов. – Москва: КНОРУС, 2018. – 260 с.
- 5 Казанская В.Г. Подросток: социальная адаптация. Книга для психологов, педагогов и родителей / В.Г.Казанская – «Питер», 2011. – 286 с.
- 6 Алибаева Ж.Е., Байгожина Ж.М. Психологиялық-педагогикалық ғылымда диалогтық тәсіл // Халықаралық ғылыми журнал «Қазақстанның ғылымы мен өмірі», №4/2 2020, б. 94-97.
- 7 Скрипченко О.В. Общая психология: хрестоматия / О.В. Скрипченко. – Лебедь, 20057–464 с.
- 8 Эриксон Э. Идентичность: юность и кризис [Текст]/ Э. Эриксон. – М.: Флинта: МПСИ: Прогресс, 2006. – 352 с.
- 9 Шаповаленко И. В. Психология развития и возрастная психология : учебник и практикум для академического бакалавриата / И. В. Шаповаленко. – 3-е изд., перераб. и доп. – М. : Издательство Юрайт, 2017. – 575 с.
- 10 Авдулова Т. П. Психология подросткового возраста : учебник и практикум для академического бакалавриата / Т. П. Авдулова. – М. : Издательство Юрайт, 2017. – 394 с.
- 11 Реньш М.А., Садовникова Н.О., Лопес Е.Г. Социально-психологический тренинг: Практикум. Екатеринбург: Рос. гос. проф.-пед. ун-т, 2007. –190 с.
- 12.Жигитбекова Б.Д.Оқыту үрдісінде психологиялық тренингті қолдану // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы.«Психология» сериясы, 2017. – С.36-39.
- 13.Жигитбекова Б.Д., Канаева С.Т. – Топтық психологиялық тренингтегі психогимнастиканың орны және рөлі // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. «Психология» сериясы, №4(53), 2017. – С.61-66.

МРНТИ: 15.41.49

Л. И. Шалабаева¹

Казахской академии спорта и туризма¹, г. Алматы, Казахстан)

БЫТОВОЕ НАСИЛИЕ – ПРОБЛЕМА СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВА

Аннотация

В данной статье были рассмотрены теоретический анализ особенности семьи, изучены структура, функции, а также динамика семьи. Были рассмотрены причины и факторы семьи, предлагаемые различными авторами. Описаны стадии распада супружеских отношений, которыми являются эмоциональный, физический развод, пробный развод и последней стадией является юридический развод. Также были изучены стратегии поведения в ситуациях развода. Были рассмотрены последствия развода, как для бывших супругов, так и для детей, если они имеются в семье. Был особенно выделен фактор бытового насилия, так как в последнее время очень хорошо прослеживается тенденция увеличения разводов по данной причине.

Ключевые слова: развод, проблемы семьи, бытовое насилие, семья.

Л. И. Шалабаева¹

¹Қазақ спорт және туризм академиясын¹, Алматы қ., Қазақстан

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ – ҚОҒАМНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Бұл мақалада отбасының сипаттамаларына теориялық талдау жасалды, құрылымы, функциялары, сонымен қатар динамикасы зерттелді. Әр түрлі авторлардың ұсынған себептер мен отбасылық факторлар қарастырылды. Некелік қатынастардың бұзылу кезеңдері сипатталған, олар эмоционалдық, физикалық ажырасу, сот арқылы ажырасу және соңғы сатысы заңды ажырасу. Ажырасу жағдайындағы мінез-құлық стратегиялары да зерттелді. Ажырасудың салдары бұрынғы ерлі-зайыптылар үшін де, егер олар бар болса, отбасындағы балалар үшін де қарастырылды.

Отбасылық зорлық-зомбылық факторы ерекше атап көрсетілді, өйткені жақында осы себепті ажырасудың көбею тенденциясы өте күрделі болды.

Түйінді сөздер: ажырасу, отбасылық мәселелер, тұрмыстық зорлық-зомбылық, отбасы.

L. I. Shalabayeva ¹

¹The Kazakh academy of sport and tourism,
Almaty, Kazakhstan)

DOMESTIC VIOLENCE IS A PROBLEM OF MODERN SOCIETY

Abstract

In this article, a theoretical analysis of the characteristics of the family was considered, the structure, functions, and also the dynamics of the family were studied. The reasons and family factors suggested by various authors were considered. The stages of the dissolution of marital relations are described, which are emotional, physical divorce, trial divorce and the last stage is legal divorce. The strategies of behavior in situations of divorce were also studied. The consequences of divorce were considered, both for the former spouses and for children, if any, in the family. The factor of domestic violence was especially highlighted, since recently there has been a very good tendency of an increase in divorce for this reason.

Key words: *divorce, family problems, domestic violence, family.*

